ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Дипломатия институты**

қолжазба құқығында

**Абдуова Фариза Акилбекқызы**

# ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАМУ БАНКІНІҢ ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӨҢІРЛІК РӨЛІ

«7M031 Әлеуметтік ғылымдар» дайындық бағыты бойынша
«7M03111 – Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: ____________ Сыдықназаров Мұхит Қаржаубайұлы,
саясаттану докторы,
филология ғылымдарының кандидаты

Жоба қорғауға жіберілді: «10» маусым 2022ж.

Дипломатия институтының директоры: ____________ Абишева Мариан Асарқызы,
саяси ғылымдарының кандидаты

**Нұр-Сұлтан, 2022**

**МАЗМҰНЫ**


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР............................................................ 3**
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ............................................ 4**
**КІРІСПЕ.............................................................................................. 5**
**ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ ........................................................................ 8**
**ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.......................................................................... 9**
**1 ЕАДБ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ.............................. 10**
1.1 ЕАДБ қызметінің бағыттары: құқықтық және стратегиялық негіздері........................................................................................................ 10
1.2 COVID-19 пандемиясы жағдайындағы ЕАДБ қызметі...................... 24
**2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЕАДБ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ.............................. 27**
2.1 Банктің Қазақстанның халықаралық дәліздерін дамыту шеңберінде Қазақстандағы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға қатысуы.......................................................................................................... 27
2.2 Антиресейлік санкциялар тұрғысында ЕАДБ және Қазақстан үшін тәуекелдерді бағалау.......................................................................... 32
**ҚОРЫТЫНДЫ.................................................................................... 36**
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.................................. 39**
**ҚОСЫМША 1....................................................................................... 42**
**ҚОСЫМША 2....................................................................................... 43**
**ҚОСЫМША 3....................................................................................... 44**
**ҚОСЫМША 4....................................................................................... 45**

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. «Еуразия даму банкін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 137 Заңы.
2. «Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 757 Қаулысы.
3. «Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 маусымдағы № 535 Қаулысы.
4. «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорының қаражатын басқару туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 232-IV Заңы.
5. «Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 27 қаулысы.
6. «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы.
7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.
8. «Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 сәуір N 566
9. «Инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 Қаулысы.
10. «Инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1055 Қаулысы.
11. Решение Высшего Евразийского экономического совета от 11 декабря 2020 года № 12 «О Стратегических направлениях развития евразийской экономической интеграции до 2025 года».

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АДБ – Азия Даму Банкі
АИИБ – Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕАДБ – Еуразия даму банкі
ЕАТ – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ
ЕАЭО – Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕТДҚ – Еуразия Тұрақтандыру және Даму Қоры
ЕҚДБ – Еуропа Қайта құру және Даму Банкі
ЕИБ – Еуропалық Инвестициялық Банк
ЖДБ – Жаңа Даму Банкі
ҚХР – Қытай Халық Республикасы
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТДМ – Тұрақты даму мақсаттары
ХИБ – Халықаралық инвестициялық банк
ХҚҚДБ – Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі
ХҚК – Халықаралық Қаржы Корпорациясы
ХҚҰ – Халықаралық Қаржы Ұйымы
ХЭЫБ – Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Банкі
ЭЫДҰ – Экономикалық Ынтамақтастық және Даму Ұйымы
ESG – Environmental, Social and Corporate Governance
SWIFT – Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunications
SWOT – Strenghths, Weaknesses, Opportunities, Threats

# КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен проблемасы.** Әлемдік экономиканың COVID-19 коронавирустық пандемиясы жағдайында өмір сүріп келе жатқанына 2 жылдан астам уақыт өтті. Пандемия әлемнің барлық елдерінде қоғам өмірінің бүкіл салаларына (саясат, экономика, денсаулық сақтау, білім, ғылым, мәдениет, т.б.) әсерін тигізді және әсер етуін жалғастыруда. Әліге дейін коронавирустың жаңа толқындары келуде және кетуде, бұл өз кезегінде экономикада және қаржы нарығында тұрақсыздыққа алып келуде. Сонымен қоса, бір жағынан АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда соғысымен, екінші жағынан Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс және оған байланысты антиресейлік санкциялардың күшеюімен сипатталатын геосаяси және геоэкономикалық жағдайдың күрделенуі халықаралық сауда-инвестициялық белсенділікті біршама шектеуде. Бұл еуразиялық кеңістік елдерінің интеграциялық процестеріне жәрдемдесу, олардың экономикалық өсуіне, нарықтық экономикасының дамуына және олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал ету мақсатында құрылған Еуразия даму банкінің (бұдан әрі – ЕАДБ немесе Банк) қызметіне қауіп-қатерлер мен сын-тәуекелдер тудырады.

ЕАДБ 2006 жылы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында жарғылық капиталы 1,5 млрд. АҚШ долларын құрайтын халықаралық қаржы ұйымы ретінде құрылды [1]. 2009 жылы ЕАДБ құрылымына Армения Республикасы мен Тәжікстан Республикасы кірді. 2010 жылы Беларусь Республикасы оның толыққанды мүшесі болды, ал 2011 жылы – Қырғыз Республикасы. 2014 жылы ЕАДБ Кеңесінің шешімімен Банктің жарғылық капиталы 7 млрд. АҚШ долларына ұлғайды. Банк құрылған сәтінен бастап оған мүше елдердің аумағында әр түрлі салалардағы көптеген инвестициялық жобаларға қатысуда [9].

Пандемиямен байланысты жағдай, сондай-ақ инвестициялық портфель бойынша Банктің 2018-2022 жылдарға арналған стратегиялық даму көрсеткіштерін мерзімінен бұрын жетуіне орай, ЕАДБ алдында Банк қызметінің трансформациясын көздейтін жаңа бес жылдық кезеңге (2022-2026 жж.) арналған Стратегияны қабылдау қажеттігі туды. 2021 жылы қабылданған осы стратегиялық құжатқа әйкес, ЕАДБ 2026 жылдың соңына қарай аймақтық даму банкі ретіндегі рөлін нығайтуға үміттеніп отыр. Жаңа бесжылдықта ЕАДБ өз тұтынушыларының, қызметкерлерінің, акционерлері мен серіктестерінің игілігі үшін миссиясын іске асыру мақсатында келесі даму бағыттарына баса назар аударуды көздейді:

1. ЕАДБ бірегей интеграциялық рөлін күшейту. Интеграциялық әсері айқын трансшекаралық инвестициялық жобаларды іске асыру: көлік инфрақұрылымы, логистика, су балансы, өнеркәсіп, экология және энергетика, цифрлық инфрақұрылым салаларындағы жобалар. 2026 жылдың соңына қарай Банк жиынтық инвестиция көлемін 10,9 млрд. АҚШ долларына жеткізуді мақсат етуде.

2. Инвестициялық мега жобаларды іске асыру. Банк жиынтық инвестициялық көлемі 1,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын «Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі, ЕАДБ операциялық елдеріндегі тауар жеткізудің ортақ желісі, су-энергетикалық кешені сияқты үш негізгі инвестициялық мега жобаны құрылымдап, оларды іске қосуды жоспарлап отыр.

3. Тұрақты даму мақсаттарына жетуге көмек көрсету үшін ЕАДБ миноритарлық елдерінде Банктің қызметін жандандыру. 2026 жылдың соңына қарай Қырғызстан және Тәжікстандағы инвестициялардың жиынтық мөлшерін 500 млн. АҚШ долларына жеткізу мақсатын қойып отыр.

4. ЕАДБ цифрлық құзыретін дамыту. Әлемде COVID-19 пандемиясы әлемнің цифрлық тарнсформациялануын тездетті. Жаңадан құрылған ЕАДБ Цифрлық бастамалар қорының қызметі Банктің қатысушы елдерінің цифрлық күн тәртібіндегі жобаларды іске асыруды қолдауға бағытталады [11].

Банктің жаңа стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, қалыптасқан жағдайда ЕАДБ-нің екінші ретті ірі акционері болып есептелетін Қазақстан Республикасында инвестициялық жобаларды, әсіресе Қазақстанның халықаралық көлік дәліздерінің әлеуетін арттыру бойынша алдыңғы қатарлы стратегиялық маңызға ие жобаларды қаржыландыруға ЕАДБ-нің қатысу мүмкіндігін зерттеу өзекті болып отыр.

Дегенмен, 2022 жылдың басында Ресей мен Украина арасындағы шиеленістің өрбуіне байланысты, антиресейлік санкциялардың күшеюі жағдайында ЕАДБ экономикалық қиыншылықтармен кездесетін болады. ЕАДБ-нің халықаралық рейтингтерінің төмендеуіне [30] байланысты оның ұлттық және халықаралық қаржы нарықтарында қарыз алу мүмкіндігінің азаюы, акционерлердің Банкке қолдау көрсету мүмкіндігінің төмендігі ЕАДБ-нің пандемиядан кейінгі кезеңдегі жаңа даму стратегиясының мақсаттарына жетуінде сын-қатерлер тудыратын болады. Сол себепті антиресейлік санциялар тұрғысынан өңір елдерінде ЕАДБ-нің қызметін одан әрі қамтамасыз ету бойынша тиісті шешімдер мен ұсынымдар әзірлеу қажеттілігі – Банкке мүше елдер үшін қазіргі таңдағы актуалды мәселелердің бірі.

Сонымен қатар, осы магистрлік жоба тақырыбы бойынша қазақстандық зерттеу жұмыстарының көп емес екендігін де атап өту қажет.

Магистрлік жобаның **зерттеу нысаны** құрамына Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдері мен Тәжікстан кіретін Еуразия даму банкі болып табылады.

**Зерттеу пәні** ЕАДБ-нің пандемиядан кейінгі кезеңдегі өңірлік рөлі, Банктің инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары, тек қана Банк қызметіне емес, мажоритарий ел болып саналатын Қазақстан үшін де тәуекелдер мен оларды шешудің мүмкін жолдары бойынша ұсынымдар болып табылады.

**Магистрлік жобаның мақсаты мен міндеттері.** Осы жобаның **мақсаты** Қытайдағы коронавирустың жаңа толқыны мен қалыптасқан жаңа геосаяси және геоэкономикалық жағдайды ескере отырып, пандемиядан кейінгі кезеңдегі ЕАДБ-нің рөлін, оған мүше елдер аумағында Банктің инвестициялық қызметінің маңыздылығын және оған әсер ететін қауіп-қатер мен тәуекелдерді көрсету, сондай-ақ Банктің инвестициялық қызметін одан әрі іске асыруды қамтамасыз

ету үшін қажетті ұсынымдарды анықтау болып табылады.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін мынадай **міндеттерді** шешу ұсынылады:

- ЕАДБ қызметіне теориялық тұрғыдан талдау жүргізу;
- ЕАДБ-нің пандемиядан кейінгі кезеңде оған мүше елдер арасындағы интеграцияны дамытудағы өңірлік рөлін, соның ішінде Қазақстан Республикасының стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларын қаржыландыру мүмкіндіктерін анықтау және талдау;
- Банктің жаңа стратегиялық даму бағыттарын ескере отырып, пандемиямен байланысты жағдайды қоса алғанда, антиресейлік санкциялардың күшеюі тұрғысында ЕАДБ қызметіне төніп тұрған тәуекелдерді анықтау, оларға баға беру және оларды шешу бойынша нақты теориялық және практикалық ұсынымдар әзірлеп шығару.

**Магистрлік жобаның болжамы.** ЕАДБ мүше мемлекеттердің интеграциялық процесстерін тереңдетуге жәрдемдесу құралы ретінде 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу арқылы 2026 жылдың соңына қарай Банкке мүше елдердегі жобаларды іске асыру бойынша № 1 өңірлік даму институтына айналуға үміттеніп отыр.

Алайда, Қытайдағы коронавирустың жаңа толқыны, Ресей мен Украина арасындағы шиеленістің күрт өршуіне байланысты АҚШ пен Батыс елдерінің антиресейлік санцияларды күшейтуі ЕАДБ-нің инвестициялық қызметін іске асыруына тәуекелдер тудырып отыр. Осындай жағдайда Банктің акционерлері тарапынан Банк қызметіне төніп тұрған тәуекелдерді шешу бойынша жуық арада қажетті іс-әрекеттер қабылданбаса, ЕАДБ халықаралық қаржы ұйымы ретінде өзінің инвестициялық қызметін тоқтатуы ықтимал.

**Магистрлік жобаның практикалық маңызы.** Қазіргі геосаяси ахуалдың күрт шиеленісуіне байланысты ЕАДБ бұрын-соңды болмаған қаржылық-экономикалық қиыншылықтармен кездесетін болады. Осыған орай, магистрлік жобада қарастырылған ұсыныстарды оның халықаралық қаржы институты ретіндегі қызметін қолдауда және қамтамасыз етуде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 маусымдағы № 535 «Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Еуразия даму банкі өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша байланыс жасайтын ресми орган ретінде белгіленгенін ескере отырып, осы магистрлік жобада берілген ұсыныстарды ЕАДБ Кеңесінің шешімдерін қалыптастыру барысында пайдалануы мүмкін.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспе, екі тарауды қамтитын негізгі және қорытынды бөлімдерден, пайдаланылған дереккөздер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

# ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Осы магистрлік жобаның ғылыми-практикалық базасы, ең алдымен, халықаралық қатынастар саласындағы сарапшылардың, саясаткерлердің еңбектері, сондай-ақ зерттеу институттарының жұмыстары болды.

ЕАДБ қызметінің ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері бойынша, еуразиялық кеңістік елдері үшін маңыздылығы жөнінде кітаптардың болмауына байланысты, жұмысты жазу барысында көбіне интернет ресурстарында жарияланған мақалалар, баяндамалар, шолулар, пікірлер, сондай-ақ ЕАДБ-нің өзінің аналитикалық базасы пайдаланылды. ЕАДБ негізінде Интеграциялық зерттеулер орталығы жұмыс істейді және ол ЕАДБ-нен өзге посткеңестік елдердің аумағында әрекет ететін басқа да көпжақты даму банктерінің инвестициялық қызметіне де талдау жұмыстарын жүргізеді. Аталған талдаулардағы деректер осы магистрлік жобаны жазу барысында пайдаланылды.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауларымен қоса, олардың саммиттердің барысындағы тезистері де пайдаланылды.

Бұдан басқа, ресейлік және отандық зерттеу институтарының баяндамалары мен жұмыстары қолданылды. Олардың қатарында Т.Б. Тюлебеков, А. Тайбекулы, А.Э. Мордвинова сияқты зерттеушілердің ЕАДБ қызметін жетілдіру бойынша мақалаларын атап өтуге болады. Бұдан өзге Е.Ю. Винокуров, В.Г. Лобырев, А.А. Тихомиров, Т.В. Цукарев сияқты экономистердің баяндамалары да алынды.

Сондай-ақ, осы магистрлік жобада ЕАДБ ішкі нормативті құжаттары мен стратегиялық даму құжаттары, Банк жүргізген шолулар, Қазақстан Республикасының ұлттық бағдарламалары мен ұлттық даму стратегиялары, әсіресе «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, ресми баяндамалар, жоғары басшылардың баяндамалары және басқа да талдау шолулары қолданылды. Сандық деректер ЕАДБ талдаушылары жүргізген шолулардың негізінде ЕАДБ-нің ресми сайтынан, сондай-ақ ЕАДБ қызметі бойынша жазылған мақалалардан алынды.

# ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Осы магистрлік жобада ЕАДБ қызметін зерттеу үшін жүйелік талдау және оның инвестициялық қызметіне салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Осы әдістердің көмегімен ЕАДБ қызметінің құқықтық және стратегиялық негіздері мен оған қатысушы мемлекеттер аумағындағы қызметінің ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Сондай-ақ зерттеудің талдамалық бөлімінде салыстырмалы талдау әдістері мен зерттеудің статистикалық әдістері қолданылды. Бұл әдістерді қолдану ЕАДБ қызметінің қазіргі жағдайы, өзінің мүше мемлекеттерінде, әсіресе Қазақстан аумағында стратегиялық маңызға ие жобаларды іске асыру мүмкіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Статистикалық мәліметтерді салыстыру, материалды талдау, жалпылау негізінде ұсынымдар жасалды.

Бұдан өзге, ЕАДБ-нің Қазақстандағы халықаралық көлік дәліздерін дамытудағы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мүмкіндігін анықтау үшін SWOT-талдау әдісі пайдаланылды. ЕАДБ-нің жаңа бес жылдық кезеңге қабылданған Стратегиясын ескере отырып, пандемиямен байланысты және Ресей мен Украина арасындағы шиеленіске орай антиресейлік санкциялардың күшеюінің Банктің инвестициялық қызметіне қауіп-қатерлері мен тәуекелдері анықталып, оларға баға берілді.

# 1 ЕАДБ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

## 1.1 ЕАДБ қызметінің бағыттары: құқықтық және стратегиялық негіздері

ЕАДБ 2006 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 2006 жылғы 12 қаңтардағы Еуразия даму банкін құру туралы келісімнің негізінде құрылған [1]. Банк Кеңесінің шешіміне сәйкес, ЕАДБ-ні құру туралы келісімге 2009 жылы Армения мен Тәжікстан қосылды, 2010 жылы – Беларусь, 2011 жылы – Қырғызстан. Белгіленген тәртіпке сәйкес, барлық көрсетілген мемлекеттер сатып алынатын акцияларды төлегеннен кейін ЕАДБ-ның толыққанды мүшелеріне айналды.

ЕАДБ-нің халықаралық векторы банктің тең құқықтық негізде жаңа қатысушылар үшін ашық екендігімен расталады, бұл ретте оның құрамынан мемлекеттердің шығуы шектелмеген [2].

ЕАДБ-нің халықаралық қаржы ұйымы ретінде мәртебесі бар және халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады. ЕАДБ 2007 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында бақылаушы мәртебесіне ие болады. 2013 жылы Экономикалық ынтамақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Банкті ресми түрде көпжақты қаржы ұйымы деп таныды. 2014 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның институционалдық мүшесіне және  Халықаралық инвестициялық банкте (бұдан әрі – ХИБ) бақылаушы дәрежесін алды [3]. Сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топта (ЕАТ) бақылаушы болып табылады [4].

ЕАДБ-ні басқаруды Банк кеңесі (Банктің жоғарғы басқару органы), Банктің Басқармасы және Банк Басқармасының төрағасы жүзеге асырады (Банктің ұйымдық құрылымы туралы Қосымша 1 қараңыз). Әрбір қатысушы Банк Кеңесіне бір өкілетті өкіл мен оның орынбасарын тағайындайды, олар өз кезегінде Банк Кеңесінің мүшелері болып табылады. Қазіргі таңда Банк Кеңесінде барлық қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің жоғары лауазымды тұлғалары мүшелік етеді. ЕАДБ Жарғысының 13-бабына сүйенсек, Банк Кеңесінің төрағасы жыл сайын тағайындалады [1]. Ал 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасының ЕАДБ Кеңесіндегі өкілетті өкілі (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі) Банк Кеңесінің төрағасы болып тағайындалып келеді.

Банк Кеңесінің шешімі бойынша ЕАДБ акционерлік капиталы акиялардың эмиссиясы жолымен ұлғаяды, ал оларды бөлу қатысушы мемлекеттерге тиесілі үлеске барабар түрде қосымша жазылу бойынша жүзеге асырылады [1].

Банктің жарғылық капиталы 7 млрд. АҚШ долларын құрайды, оның ішінде шамамен 1,52 млрд. АҚШ доллары – төленген капитал, ал 5,48 млрд. АҚШ доллары – талап етілгенге дейінгі капитал (1-кестені қараңыз) [5].

1-кесте. ЕАДБ жарғылық капиталы

мың АҚШ доллары

| Көрсеткіш | Жарғылық капитал | Талап етілгенге дейінгі капитал | Төленген капитал |
|---|---|---|---|
| Ресей Федерациясы | 4 617 900 | (3 617 900) | 1 000 000 |
| Қазақстан Республикасы | 2 309 300 | (1 809 300) | 500 000 |
| Беларусь Республикасы | 69 300 | (54 300) | 15 000 |
| Тәжікстан Республикасы | 2 100 | (1600) | 500 |
| Армения Республикасы | 700 | (600) | 100 |
| Қырғыз Республикасы | 700 | (600) | 100 |
| Барлығы: | 7 000 000 | 5 484 300 | 1 515 700 |
| Ескертпе – ЕАДБ-нің 2020 жылғы жұмысының қорытындылары бойынша Банк Басқармасының жылдық есебінен алынған деректер негізінде автормен әзірленген [5] | | | |

Банкке қатысушы мемлекеттердің төленген капиталы негізінде олардың арасындағы акциялардың бөлінісі келесідей: Қазақстан Республикасының үлесі – 32,99%, Ресей Федерациясының үлесі – 65,98%, Беларусь Республикасының үлесі – 1%, Тәжікстан Республикасы – 0,03%, Армения Республикасының үлесі – 0,006%, Қырғыз Республикасының үлесі – 0,006%.

Соңғы 16 жыл ішінде Банк өзінің инвестициялық қызметін еуразиялық кеңістік шегінде – Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан сияқты өзінің қатысушы елдерінің аумағында жүзеге асыруда. Егер ЕАДБ Жарғысының «Банктің мақсаттары, функциялары және қатысушылары» деген 1-бөліміне қосылған «Банктің мақсаттары» деп аталатын 1-бабына [1] сүйенсек, онда оның мақсаттарына, біріншіден, Банкке қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуына және дамуына, ал, екіншіден, инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен олардың экономикалық өсуіне және олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал ету жатқызылған. Бұл Банктің Кеден Одағы, сондай-ақ Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде қатысушы мемлекеттердің интеграциясын қамтамасыз етуге тікелей қатысуға ұмтылатындығын куәландырады. Бұл ЕАЭО-тың құрылуымен қатар ЕАЭО-қа мүше мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға ықпал етуде ғана емес, сондай-ақ ЕАЭО-ның мүшелері болып табылмайтын Банктің басқа да қатысушы мемлекеттерімен ынтымақтастығын кеңейтуде өз жалғасын тапты.

Егер оның функцияларының сипаттамасына жүгінетін болсақ, ЕАДБ Жарғысының «Банктің функциялары» деген 2-бабында келтірілген тізімнен Банктің даму институты ретінде позициялауын анық көруге болады: «Банк оған мүше мемлекеттердегі жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру арқылы тек инвестициялық қызметпен айналысып қана қоймай, сондай-ақ өзінің меншікті капиталы мен халықаралық және ұлттық қаржы нарықтарында

тартылған қаражатты пайдалану арқылы нақтыланған жобаларды іске асыратын қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысады және өзге де қызмет түрлерімен айналысады» [1]. Бұған экономикалық даму және ресурстарды тиімді пайдалану, сондай-ақ сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту мәселелері бойынша кеңес беру жатады. Мемлекеттік және халықаралық қаржы саласындағы ақпараттық-талдау жұмыстарын жүргізу қызметін де атап өту қажет.

ЕАДБ Жарғысының «Банктің ресурстары» деген 9-баптың 2-тармағында айқындалғандай, Банктің ресурстары мен қызметтері оның мақсаттарына қол жеткізу және функцияларын орындау үшін ғана Банк Кеңесі бекітетін ережелерге, рәсімдерге және талаптарға сәйкес ұсынылады. Осы баптың 3-тармағына сәйкес, Банк жекелеген функцияларды іске асыру үшін қорлар құра алады. Сондай-ақ, ол пайдадан түсетін аударымдар есебінен резервтік қор және басқа да мақсатты қорлар қалыптастырады, оларды қалыптастыру және басқару тәртібін Банк Кеңесі бекітеді. Бұдан басқа, ол Банк Кеңесі шешімінің негізінде және қатысушы мемлекеттердің үкіметтерімен келісімдердің негізінде оның миссиясы мен мақсаттарына сәйкес келетін міндеттерді шешу үшін Банкке қатысушы немесе қатысушылар тобы, басқа да ұйымдар қалыптастырған арнайы қорларды басқару жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдауға құқылы. Арнайы қорларды басқару жөніндегі барлық шығыстар осы қорлардың есебінен жүзеге асырылатындығы қарастырылған.

ЕАДБ Жарғысының «Инвестициялық қызмет» деген 10-баптың 2-тармағында [1] басқа халықаралық қаржы институттарымен, коммерциялық банктермен және өзге де мүдделі мекемелермен бірлесіп кредиттер беруге құқылы екендігі түсіндіріледі. Осылайша, бұл оның басқа қаржы ұйымдарымен әр түрлі сипаттағы ең тығыз ынтымақтастыққа орнатылғанын растайды, бұл өз кезегінде қарыз алушыларға олар жүзеге асыратын жобаларды қолдау мақсатында ұсынылатын қаржы ресурстарының едәуір үлкен көлемін шоғырландыруға мүмкіндік береді. Атап өтілген функциялар Банк Жарғысының келесі баптарының мазмұнында егжей-тегжейін тапты. Мәселен, «Инвестициялық қызмет» деген 10-баптың 1-тармағында Банк өзінің инвестициялық қызметі шеңберінде Банк қатысушыларының мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерінде көзделгендері басым болып табылатын жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыратындығы туралы магистрлік жобаның тақырыбы үшін маңызды ереже қамтылған. Мұнда жоғарыда көрсетілген Банктің жұмыс істеуінің екінші мақсаты расталады. Осы мақсатқа қол жеткізу Банктің нормативті құқықтық актісі ретінде бекітілген ЕАДБ Инвестициялық қызметі туралы ереженің негізі болып табылады [6].

Дегенмен, Банктің инвестициялық қызметінің міндеттері ЕАДБ Жарғысында емес, аталған Ережеде жүйелі түрде айқын көрініс тапқанын атап өту қажет. Ережеде ЕАДБ инвестициялық қызметінің мынадай міндеттері белгіленген: қатысушы мемлекеттердің сауда-экономикалық ынтымақтастығын интенсификациялау мақсатында энергетикалық, көліктік, коммуникациялық және агроөнеркәсіптік инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту; нарықтық экономиканы дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыру есебінен

қатысушы мемлекеттердің экономикаларында сапалы құрылымдық ілгерілеулерге қол жеткізу; орнықты өсудің инфрақұрылымдық және басқа да шектеулерін жою; табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жағдайды жақсарту; экономиканың шикізаттық емес салаларында қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өнім шығаруды ұлғайту; шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын ұйымдарға кредит беру немесе тікелей инвестициялар арқылы шағын және орта бизнесті дамыту; қатысушы мемлекеттерде интеграциялық процестерді қолдаудың қаржылық-инвестициялық тетіктерін қалыптастыру, оның ішінде оларда қаржы нарықтарының дамуын қолдау [6]. ЕАДБ инвестициялық қызметінің міндеттерін сипаттай отырып, олардың барлығы оның жарғылық мақсаттары мен функцияларына сәйкес келетінін атап өту керек, бұл оның көпжақты даму банкі ретінде сәйкестендірілуін кезекті рет дәлелдейді.

Сонымен бірге, Банк қаржы ұйымы екенін ұмытпаған жөн: кез-келген қаржы ұйымы сияқты ол өзін-өзі көбейтуге бағытталған саясат жүргізуі керек, яғни бұл оның қаржылық пайда алу қажеттілігін білдіреді. Сондықтан Банк жобалық өтінімдерді сараптау және бенефициарлардың төлем қабілеттілігін бағалау жұмыстарына байсалды көзқарас танытады. Сондай-ақ Банктің жобаларды қаржыландырумен байланысты басқа да қызмет түрлерін атқаратындығы қарастырылған (ЕАДБ Жарғысының 10-бабы 5-тармақ). Алайда, Банкте пайданың жоғары деңгейіне ғана деген үлкен ұмтылыс жоқ, бұл оның даму институты ретіндегі мәртебесін тағы да растайды. Сондықтан ол өз қызметін өте қолайлы тәуекел деңгейінде өз операцияларының жеткілікті кірістілігін қамтамасыз ететін шарттарда жүзеге асырады. Оның нысаналы өнімдері мен құралдарына мыналар жатады: жобалық қаржыландыру; инвестициялық қаржыландыру; капиталға қатысу; саудалық қаржыландыру; құжаттамалық операциялар; қорларға қатысу, оларды ұйымдастыру және басқару; консультациялық қызметтер көрсету және жобаларды дайындау бойынша техникалық жәрдемдесу.

Жобаларды дайындау бойынша қызметтерді қоса алғанда, өзінің қаржы құралдарын ұсынуы және пайдалануымен техникалық сипаттағы қызметтерді көрсету тығыз байланысты. Осы жұмысты қаражаты гранттық қаржыландыру мақсатына да жұмсалатын ЕАДБ Техникалық жәрдемдесу қоры жүзеге асырады. Қордың міндеті жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруды ашу үшін қажетті негізгі шарт ретінде жобалау құжаттамасын дайындау процесінде техникалық жәрдем беруге бағытталған. Қордың қаражаты негізінен белгілі бір жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге, салалық, маркетингтік және технологиялық зерттеулер мен бағалауды жүзеге асыруға, мысалы, болжамды жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауға жұмсалады.

Банктің ақпараттық-талдау қызметті жүзеге асыруға бағдарланғандығы ЕАДБ Жарғысының 11-бабында көрініс тапқан. Бұл қызметке қатысушы мемлекеттердің экономикасы мен қаржы нарықтарының жай-күйі, олардың инвестициялық мүмкіндіктері, банк заңнамасының нормалары және т.б.туралы ақпаратты жинау, жүйелеу және талдау жатады. Ақпараттық-талдау

материалдары Банктің қатысушыларына ғана емес, сондай-ақ өзге де пайдаланушыларға, мысалы, тиісті келісім жасалған ұйымдарға беріледі. Қарыз алу және Банк қызметінің өзге де түрлері ЕАДБ Жарғысының 12-бабында егжей-тегжейлі қарастырылған.

Кез келген көпжақты даму банкі сияқты, ЕАДБ өз қызметінде өз жарғысының ережелерін ғана емес, сонымен қатар өзекті бағдарларды қамтитын және бір уақытта бес жылдық циклдегі жұмысты қорытындылайтын өзінің стратегиялық құжаттарының ережелерін де ұстанады. 2013-2017 жылдарға арналған Стратегияда белгіленген өзінің бес жылдық жұмыс істеу циклін аяқтау нәтижесінде Банк өз қызметінде қатысушы мемлекеттер арасындағы экономикалық интеграция процестерін тереңдетуге жәрдемдесетін көпжақты халықаралық қаржы даму институты ретінде қалыптасты деуге болады [7]. Оған дәлел – ЕАДБ-нің алты акционер елінің бесеуін біріктірген – ЕАЭО құрылған сәттен бастап, интеграциялық бағыттың біртіндеп ЕАДБ қызметіндегі негізгі бағытқа айналуы. Осылайша, 2016 жылдан бастап Банктің 2013-2017 жылдарға арналған стратегиясын жаңарту арқылы интеграциялылық әсері анық көрінетін нысаналы жобаларды инвестициялау және олардың кредиттік портфельдегі үлесінің 50%-дан төмен болмауын қамтамасыз ету Банктің стратегиялық мақсаты болып табылады [8]. Бұл нысаналы көрсеткіш ЕАДБ 2018-2022 жылдарға арналған стратегиялық құжатында да [9], 2021 жылдың 2 шілдесінде Банк Кеңесі қабылдаған ЕАДБ 2022-2026 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясында да сақталып қалды. Ал ЕАДБ қаржыландыратын жобалардың интеграциялық әсері Банк Кеңесі қабылдаған бес интеграциялық көрсеткіштерге сәйкес анықталады, олар: трансшекаралық инфрақұрылым; трансшекаралық әсерлерді құру; елдер арасындағы өндірістік тізбекті құру; өзара сауданы кеңейту; өзара инвестицияларды кеңейту (Қосымша 3 қараңыз).

Бұдан өзге, ЕАДБ-нің интеграциялық маңызын тағы да айқындайтын құрал – оның басқаруындағы Еуразия тұрақтандыру және даму қоры (бұдан әрі – ЕТДҚ) болып табылады. Бұл ретте ЕТДҚ 2015 жылға дейінгі ЕурАзЭҚ Дағдарысқа қарсы қоры деп аталғанын атап өту қажет. Банк ЕТДҚ Кеңесінің шешіміне сәйкес ЕАЭО елдері мен Тәжікстан үшін көлемі 8,513 млрд. АҚШ долларын құрайтын жарналар есебінен егемен қарыздар, тұрақтандыру кредиттерін және инвестициялық кредиттер, кіріс деңгейі төмен елдерге гранттар беруді жүзеге асырады [10]. ЕТДҚ іс жүзінде қатысушы елдердің дамушы экономикаларын сыртқы ықпал ету факторларынан қорғайтын тетік болып табылады. Алдымен Ресейдің және одан кейін Қазақстанның үлкен көлемдегі жарналарына қарамастан, ЕТДҚ қаражатына қол жеткізу лимиттері оған қатсушы елдердің қаржыландыруға деген өткір қажеттілігіне қарай бөлінген. Осылайша, жарғылық капиталдың 7,5 млрд. АҚШ доллары Ресейге, ал 1 млрд. АҚШ доллары Қазақстанға тиесілі болса да, олар капиталдың жалпы сомасы лимитінің тиісінше 37% және 24% үлесіне ие. Сондай-ақ, ЕТДҚ-на қатысушы мемлекет өз лимитінің бір бөлігін басқа қатысушы мемлекетке бере алады [10]. ЕТДҚ қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен игтеграцияны тереңдетуді қана көздеп қоймай, дағдарыс жағдайында олардың экономикаларының тең деңгейде тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін тиімді

«қауіпсіздік жастығының» көрнекі мысалы болып табылады. Осы қордың ірі бенефициары Беларусь Республикасы болып саналады. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, ЕТДҚ кредиттік портфелінің 81%-ы Беларусь Республикасындағы жобаларды қаржыландыруға жұмсалған. Көбіне бұл – Беларусь Республикасының бюджетін толықтыруды қамтамасыз етуге бағытталған қаржы кредиттері [5].

Еуразиялық кеңістікте интеграциялық процестерді тереңдетуге әсерін тигізген Банктің ұлттық валюталардағы есеп айырысу жүйесінің енгізілуі 2018-2022 жылдарға арналған Стратегияның жаңалығы болып табылады. 2018 жылы желтоқсанда ЕАДБ ұлттық валюталарда есеп айырысу жүргізу үшін өзінің есеп айырысу-клирингтік қызмет көрсету жүйесін іске қосты. Бұл жүйе трансшекаралық төлемдерді қабылдау мен жөнелтуді, валюталарды айырбастауды және депозиттерді орналастыруды көздейді. Банкке мүше елдердің ірі қаржы институттары осы жүйенің қатысушылары болып табылады. Банк өкілдерінің айтуынша, Банктің есеп айырысу-клирингтік қызметі доллар немесе еуроны пайдаланбай, мүше елдер арасында өзара есеп айырысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [9]. Бұл қатысушылардың операциялық шығыстары мен валюталық тәуекелдерін қысқартады, операциялар жүргізу жылдамдығын арттырады, сондай-ақ ЕАЭО-ның SWIFT халықаралық банкаралық жүйесіне тәуелділігін төмендетеді. Соңғысы, әсіресе, қаржы секторына Ресейге қарсы санкциялардың кеңеюі және Батыстың ресейлік қаржы институттарын SWIFT-тен ажырату жағдайында өзекті болып отыр.

Бұдан өзге, 2018-2022 жылдарға арналған Стратегияда Техникалық жәрдемдесу қорының қаражаты есебінен қатысушы мемлекеттер арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған жобаларды, яғни мәдениет пен өнер, ғылым мен білім саласындағы жобаларды қолдау жоспарланған болатын, бұл өз кезегінде біртұтас еуразиялық гуманитарлық кеңістіктің қалыптасуына әкелуі мүмкін еді. Алайда осы бағытта бекітілген бағдарламаның болмауына байланысты, гуманитарлық даму жобаларына Техникалық жәрдемдесу қорынан қаражат бөлінген жоқ. Бірақ Техникалық даму қорының қаражаты есебінен іске асырылатын жобалардың көлемін ұлғайту бойынша жұмыс жаңа бесжылдық кезеңде жалғасатындығы Банктің 2022 - 2026 жылдарға арналған Стратегиясында көрсетілді [11].

Банктің капиталы ұлттық даму жобаларының тұтас сериясына тартылған, бұлар – өтелімділігінің жеткілікті ұзақ мерзімдерімен және жоғары тәуекелдермен сипатталатын инвестициялық жобалар. Бұл жобалардың сипаттамалары коммерциялық банк секторы мен басқа да инвесторлар тарапынан қызығушылық тудыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан осы жобаларды қолдауды ЕАДБ сияқты даму институттары мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты негізінде жүзеге асырады. Банктің инвестициялық портфеліне түрлі салалардағы жалпы мемлекеттік, өңірлік және муниципалдық инфрақұрылымдық жобалар кіреді: көлік инфрақұрылымы; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, ҚТҚ кәдеге жарату және т.б.); энергетикалық инфрақұрылым; әлеуметтік инфрақұрылым (мектепке дейінгі және жалпы білім беретін оқу орындары,

медициналық мекемелер және т. б.). Жобалардың бұл санатын жаңа өндірістерді дамыту мен құруды көздейтін жобалар толықтырады, бұл елдің шаруашылық жүргізуші субъектілерін қосылған құнның қосымша тізбегіне тартуға алып келеді. Қатысушы елдердің және олардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің импортты алмастыру және ұлттық экономикалардың экспорттық әлеуетін нығайту саласындағы күш-жігеріне Банк тарапынан көрсетілетін қолдау ерекше маңызды. Импортты алмастыру және экспорттық әлеуетті арттыру ЕАЭО-на мүше мемлекеттердің келісілген өнеркәсіптік саясаты бағыттарының біріне жатады. Банктің өндірістік секторды дамытудағы рөлі оның қаржы секторын дамыту жөніндегі күш-жігерімен толықтырылады [12].

Сонымен бірге, барлық неғұрлым маңызды халықаралық қаржы ұйымдары сияқты, ЕАДБ қазіргі уақытта көпжақты даму банктерінің әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігінің күн тәртібін іске асыруды жүзеге асырады (ESG күн тәртібі: «қоршаған орта», «әлеуметтік сала», «ұжымдық басқару») және бір мезгілде өз қызметін 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде бекітілген Тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдесуге бағдарлайды [13]. Мәселен, ЕАДБ Инвестициялық қызметі туралы ереженің «Банктің инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары» деген 2-бөлімінде Банк қаржыландыратын жобаларды іске асыру халықтың өмір сүру ортасы мен еңбек және өмір сүру жағдайларының төмендеуіне әкелмеуі тиіс екендігі көрсетілген. Керісінше, инвестициялар халықтың өмір сүру деңгейін және әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталады. ЕАДБ Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік саясаты деп аталатын арнайы құжаттың 1.3-тармағында [14] инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру кезінде бір мезгілде жағымсыз экологиялық және әлеуметтік салдарларды болдырмау немесе азайту арқылы оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру Банктің экологиялық саясатының мақсаты ретінде көрсетілген, бұл оның тұрақты дамуға үлесін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады. Бұл жерде тек жағымсыз әсерлерді болдырмау немесе азайту туралы ғана емес, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және қоршаған ортаны қорғауды күшейту туралы сөз болып отыр. Бұған инвестициялық жобаларды дайындау кезінде жоба бастамашыларының (қарыз алушылардың) қоршаған ортаны қорғау саласындағы және ұлттық заңнамада белгіленген әлеуметтік әсерге қатысты талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелерді орындау қабілетін бағалауды жүргізу арқылы қол жеткізіледі. Ал бекітілген жобаны іске асыру барысында қарыз алушылардың өзіне алған міндеттемелерді орындауы бойынша мониторинг жүзеге асырылады.

Банк бірінші кезекте ұлттық және өңірлік деңгейде орнықты тұрақты даму мақсаттарына (бұдан әрі – ТДМ) қол жеткізуге елеулі үлес қосатын көлік инфрақұрылымы, цифрлық жүйелер, «жасыл» энергетика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және машина жасау саласындағы жобаларды қолдауға ұмтылады. Бұл ЕАДБ-нің әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарын сақтай

отырып, экономикалық интеграцияны дамытуға баса назар аударатындығын көрсетеді. Сондықтан оның инвестициялық портфелін іске асырылуы қоршаған ортаның жай-күйін бір мезгілде жақсарта отырып, табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін, Банкке мүше елдердегі халықтың өмір сүру сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік беретін жобалар құрайды. Осы жерде Банктің «Тұтыну мен өндірістің тұрақты үлгілері» деген Тұрақты даму саласындағы 12-мақсатқа жетуге қосқан үлесі туралы айтуға толық негіз бар деп ойлауға мүмкіндік береді.

Заманауи халықаралық қаржы ұйымдары әсіресе өздерінің инвестициялық қызметін жүзеге асыратын мемлекеттеріндегі белгілі бір салалардың дамуына ықпал ететін әртүрлі ілім-білімді жинақтап, оларды тарататындығына байланысты да даму институттары қатарына жатады. Мысалы, Дүниежүзілік банк дамушы және өтпелі экономикасы бар елдер үшін әлемдік ірі қаржы қоры ғана емес, сондай-ақ «білім көзі» болып саналады. Бұл жерде ЕАДБ-нің де ерекшелігін айтпай кетуге болмайды. Оның құрылымында көптеген бағыттар бойынша жұмыс істейтін Интеграциялық зерттеулер орталығы жұмыс істейді. Орталық бағыттарының біріне артық кедергілермен және шектеулермен ауыртпалық салынбаған, сондай-ақ цифрлық платформа арқылы жұмыс істейтін сауда жүйесі болып табылатын Еуразиялық тауар өндіруші жүйенің тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі бастама жатады [15]. Арнайы зерттеудің нәтижелері осы тұжырымдаманың негізі ретінде қабылданатын болады.

Банктің Жарғысы сараптамалық талдау саласындағы белсенді қызметті көздейді. Осы бағыттың жарғылық сипатына орай 2018-2022 жылдарға арналған Стратегияда «Аналитикалық қызмет» деп аталатын арнайы бөлім қарастырылды. Сондай-ақ 2022-2026 жылдарға арналған Банктің стратегиялық даму құжатында да бұл бағыт Банктің жаңартылған операциялық моделінің негізі деп көрсетілген. ЕАДБ-нің ресми сайтында оның жобалық қызметі, әр жыл ішінде атқарған жұмысының қорытындылары бойынша есептер ғана емес, сондай-ақ елдік, салалық және интеграциялық сипатқа ие аналитикалық материалдары сайттың пайдаланушылары үшін ашық және қол жетімді [16]. Аналитикалық басылымдар, салалық және тақырыптық шолулар, Банк операциялары өңірі елдерінің экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер, макроэкономикалық шолулар тұрақты түрде жарияланып тұрады, сондай-ақ Банктің қатысушы елдеріндегі басқа да көпжақты даму банктерінің инвестициялық қызметіне талдау жүргізіледі.

Жалпы, ЕАДБ қызметінің негізгі сипаттамасы оның ағымдағы инвестициялық портфелі құрылымындағы өзгерістердің серпіні болып табылады. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ЕАДБ инвестициялық портфелі елдік бөліністе мынадай болды: Банк операцияларының ірі елдері ретінде Қазақстан (41,4%) мен Ресей (39,2%) болды, олардан кейін Беларусь (15,9%), Армения (1,3%), Қырғызстан мен Тәжікстан (0,3%-дан) орналасты [9]. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің ағымдағы инвестициялық портфелінде мүше елдердің үлесі келесідей болды: Ресей (41,5%), Қазақстан (34,6%), Беларусь (18,4%), Армения (4,2%), Қырғызстан (1,2%) және Тәжікстан (0%) [12]. Осылайша, 2018-2022 жылдарға

арналған Банк Стратегиясының іске асырылуындағы 4 жыл мерзім ішінде Қазақстан мен Ресей Банктің ірі қарыз алушы елдері болып қалғанына қарамастан, оның миноритарлық акционер елдерінің де – Беларусь, Армения мен Қырғызстанның ЕАДБ инвестициялық жобаларындағы үлестері біраз ұлғайғанын байқауға болады (2-кестені қараңыз).

2-кесте – ЕАДБ инвестициялық портфелінің елдік құрылымы, %

| ЕАДБ-не мүше мемлекет | 2017 жыл 31 желтоқсан | 2021 жыл 31 желтоқсан | Өзгерістер |
|---|---|---|---|
| Қазақстан | 41,4 | 34,6 | -6,8 |
| Ресей | 39,2 | 41,5 | +2,3 |
| Беларусь | 15,9 | 18,4 | +2,5 |
| Армения | 1,3 | 4,2 | +2,9 |
| Қырғызстан | 0,3 | 1,2 | +0,9 |
| Тәжікстан | 0,3 | 0 | -0,3 |
| Ескертпе – ЕАДБ 2018-2022 жылдардағы кезеңге арналған ЕАДБ Стратегиясында және ЕАДБ 2021 жылдың 4-тоқсаны бойынша ЕАДБ қызметінің негізгі қорытындылары туралы есепте көрсетілген деректер негізінде автормен әзірленген [9] | | | |

Айта кететін жайт: ЕАДБ-нің 2013-2017 жылдарға арналған стратегиясының іске асырылу кезеңінде Банктің басым салалық жобаларының жүйесі айқындалды (энергетика, көлік және инфрақұрылым, тау-кен өнеркәсібі, металлургия, машина құрылысы, химия өнеркәсібі, АӨК сияқты стратегиялық салалар, қаржы секторы). 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің инвестициялық портфелінің салалық құрылымында қаржы (20,6%), көлік (18,9%) және энергетика (18,5%) салалары үстемдік етті; ал басқа стратегиялық салаларға – тау-кен өндірісі, машина құрылысы, химиялық өнеркәсіп, басқа инфрақұрылым салаларын қоса алғанда, кредиттік портфелдің 42% тиесілі болды [9]. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Банктің инвестициялық портфелінің салалық құрылымында қаржы (29,2%), көлік (21,3%) және энергетика (18,0%) салалары үстемдік етуін жалғастырды, қалған нысаналы салалардың (тау-кен өндірісі, машина құрылысы, химиялық өнеркәсіп, басқа инфрақұрылым және т.б.) үлесі 31,5% құрады [12]. Осылайша, 2018-2022 жылдарға арналған ЕАДБ Стратегиясында одан бұрынғы стратегиялық құжатта көрсетілген басым салалық жобалардың жүйесі сақталып қалғанын байқауға болады (3-кестені қараңыз).

3-кесте – ЕАДБ инвестициялық портфелінің салалық құрылымы, %

| Сала | 2017 жыл 31 желтоқсан | 2021 жыл 31 желтоқсан | Өзгерістер |
|---|---|---|---|
| Қаржы | 20,6 | 29,2 | +8,6 |
| Көлік | 18,9 | 21,3 | +2,4 |

Кестенің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| Энергетика | 18,5 | 18,0 | -0,5 |
| Басқа инфрақұрылым | 10,3 | 7,8 | -2,5 |
| Тау-кен өндірісі | 16,1 | 7,3 | -8,8 |
| Машина құрылысы | 2,4 | 9,4 | +7 |
| Металлургия | 6,6 | 0,6 | -6 |
| Химиялық өнеркәсіп | 0,8 | 2,3 | +1,5 |
| АӨК | 3,5 | 1,6 | -1,9 |
| Өзге салалар | 2,3 | 2,5 | +0,2 |
| Ескертпе – ЕАДБ 2018-2022 жылдардағы кезеңге арналған ЕАДБ Стратегиясында және ЕАДБ 2021 жылдың 4-тоқсаны бойынша ЕАДБ қызметінің негізгі қорытындылары туралы есепте көрсетілген деректер негізінде автормен әзірленген [9, 12] | | | |

Егер ЕАДБ-нің ресми сайтында жарияланатын Банктің бір жыл ішіндегі жұмысын қорытындылайтын жылдық есептеріне сүйенсек, 2018-2022 жылдарға арналған Стратегияда көзделген басты нысаналы бағыт болып табылатын Банктің жылдық инвестиция көлемі бойынша көрсеткіш әр жыл сайын асыра орындалғанын байқауға болады. Осылайша, 2022 жылдың соңына қарай жаңа жобалар бойынша Банктің инвестициялар көлемі 4,6 млрд. АҚШ долларын құрау керек болса, бұл көрсеткішке Банк 2020 жылдың соңында дерлік жеткенін байқауға болады. Атап айтқанда, Стратегияның іске асырылуының 3 жылдық мерзімі ішінде Банктің жаңа жобаларға инвестициясының көлемі 4,4 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл өз кезегінде 2022 жылға жоспарланған көрсеткіштен сондағы 0,2 млрд. АҚШ доларына кем (4-кестені қараңыз).

4-кесте – Банктің инвестициялар көлемі бойынша стратегиялық көрсеткіштері, 2018-2020 жж. қорытындылары бойынша

млрд. АҚШ доллары

| № | Стратегиялық көрсеткіш | | 2018 | | 2019 | | 2020 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жоспар | Факт | Жоспар | Факт | Жоспар | Факт |
| 1 | Инвестиция көлемі | Ағымдағы инвестициялық портфель, *млрд. АҚШ доллары* | 3,0 | 3,4 | 3,1 | 4,3 | 3,3 | 4,4 |
| 2 | | Жылдық инвестиция көлемі, *млрд. АҚШ доллары* | 1,1 | 1,6 | 0,8 | 1,4 | 0,9 | 1,4 |
| Ескертпе – ЕАДБ-нің ресми сайтында жарияланған Банктің жылдық есептерінің негізінде автормен әзірленген [5] | | | | | | | | |

Банк 2020 жылдың соңына қарай қызметінің 5 жылға жоспарланған негізгі стратегиялық бақылау көрсеткіштеріне мерзімінен бұрын жетуіне орай және 2018-2022 жылдарға арналған Стратегиясында белгіленген негізгі мақсаттары мен міндеттерін сәтті іске асыруына байланысты, сондай-ақ COVID-19

пандемиясымен байланысты жағдайды ескере отырып, Банктің алдында жаңа бес жылдық кезеңге арналған Стратегияны дайындау бойынша міндет туындады. Осылайша, Банк Кеңесінің 2021 жылғы 2 шілдедегі отырысында (Алматы қ.) 2022-2026 жылдарға арналған ЕАДБ Стратегиясы бекітілді.

Осы стратегиялық құжатқа сүйенсек, ЕАДБ 2026 жылдың соңына қарай аймақтық даму банкі ретіндегі рөлін нығайтуға үміттеніп отыр. Жаңа бесжылдықта өз тұтынушыларының, қызметкерлерінің, акционерлері мен әріптестерінің игілігі үшін өз миссиясын іске асыру мақсатында ЕАДБ өз рөлін келесідей трансформациялауға назар аударатын болады:

– Өзінің инвестициялық қызметін жүзеге асыратын елдерде №1 даму банкіне айналу. 2026 жылдың соңына қарай жылдық инвестиция көлемін 3,0 млрд. АҚШ долларына дейін өсіру жоспарланып отыр, ал 2022-2026 жылдардағы кезең үшін инвестициялардың жинақталған көлемі 10,9 млрд. АҚШ долларын құрайтын болады.

– Екі немесе одан да көп елдердің қатысуымен жиынтық инвестициялық көлемі 1,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын 3 масштабты инвестициялық мега жобаларды іске асыруда көшбасшы банк болу және синдикаттарды ұйымдастырушы – күрделі мәмілелерді құрылымдауда кіші әріптестіктен көшбасшылыққа өту. Банк «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі, ЕАДБ операциялық елдеріндегі тауар жеткізудің ортақ желісі, су-энергетикалық кешені сияқты үш негізгі инвестициялық мега жобаны құрылымдап, оларды іске қосуды жоспарлап отыр.

– «Кіші экономикаға ие» елдерде инвестициялық портфельді 2020 жылмен салыстырғанда 4 есеге өсіру арқылы тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) жету бойынша жұмыстардың катализаторына айналу. 2026 жылдың соңына қарай Армениядағы, Қырғызстандағы және Тәжікстандағы инвестициялардың жиынтық мөлшерін 500 млн. АҚШ долларына жеткізу мақсатын қойып отыр.

– Қатысушы мемлекеттердің цифрлық трансформациялау міндеттерін шешу бойынша әріптесі. Жаңадан құрылған ЕАДБ Цифрлық бастамалар қорының қызметі Банктің қатысушы елдерінің цифрлық күн тәртібіндегі жобаларды іске асыруды қолдауға бағытталады [11].

Сонымен бірге осы стратегиялық құжаттың ерекшелігі – басқа да көпжақты даму банктері сияқты ЕАДБ-нің өз қатысушы мемлекеттерімен елдік стратегияларды әзірлеуі және бекітуі болып табылады. Мәселен, Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі – ЕҚДБ) тәжірибесіне сүйенсек, әр бес жыл сайын ЕҚДБ-нің Қазақстан Республикасындағы қызметін айқындайтын стратегиялық құжат қабылданады. ЕАДБ әзірлейтін елдік стратегияларда әр елдің экономикалық даму шарттары мен нақты макроэкономикалық көрсеткіштері қамтылатын болады.

Алайда осы стратегиялық мақсаттарға жету үшін халықаралық және ұлттық нарықтарда тартылатын капиталмен қатар, Банктің акционерлері тарапынан қосымша капитал керек болатындығын атап өткен жөн. 2026 жылдың соңына дейін Банктің акционерлері тарапынан тартылатын капитал 500 млн. АҚШ долларын құрайтындығы жоспарланған. Сонымен қатар, Банкке жаңа

мемлекеттердің қосылуы Банктің төленген капиталының тағы да 200 млн. АҚШ долларына ұлғаюын көздейді [11]. Дегенмен, COVID-19 пандемиясының салдарымен қоса, АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда соғысы, Ресей мен Украина арасындағы шиеленіске байланысты Батыстың Ресейге қарсы санкцияларды енгізуімен сипатталатын жаңа геосаяси жағдайда аталған стратегиялық даму мақсаттарына жету қаншалықты мүмкін деген сұрақ туындайды.

ЕАДБ көпжақты даму банктерімен, әсіресе Еуропа қайта құру және даму банкімен (бұдан әрі – ЕҚДБ), Азия даму банкімен (бұдан әрі – АДБ), Жаңа даму банкімен (ЖДБ), ХИБ-мен және Ресей-Қырғыз қорымен ынтымақтастықты дамытуда. Сондай-ақ Азия инфрақұрылымдық инвестициялар (бұдан әрі – АИИБ) ынтымақтастық жобаларын қарастыруда [17]. Мәселен, 2020 жылдың қорытындылары бойынша ЕАДБ-нің жылдық есебіне сәйкес, басқа көпжақты даму банктерімен бірлескен жобалық қызметті дамыту шеңберінде келесідей жұмыстар атқарылды:

– ЕАДБ-нің Мәскеу облысының орталық айналма автокөлік жолын салу жобасына бұдан бұрын берген «мезониндік» (реттелген) кредитінің бір бөлігін ХИБ-не беруі;

– құрамына ЕАДБ, ЕҚДБ, Ислам даму банкі кіретін кредиторлар синдикатының Үлкен Алматы айналма автокөлік жолы (БАКАД) құрылысының жобасын қаржыландыруға кірісуі;

– Банк басқарушысы болып табылатын ЕТДҚ желісі бойынша АДБ және ХҚДБ-мен бірлесіп, Армения мен Қырғызстанда инвестициялық жобаларды іске асыруы [12].

Алайда, басқа көпжақты даму банктерімен меморандумдарға қол қойып, олардан кредит желілерін тартқанына қарамастан, 2018-2022 жылдарға арналған Стратегияда көрсетілгендей, ірі инвестициялық жобаны іске асыруда басқа халықаралық қаржы ұйымдарын тарту арқылы ЕАДБ жетекшілігімен синдикат құру мақсатына Банктің әлі қол жеткізбегенін ескеру қажет. ЕАДБ-нің көпжақты даму институттарымен ынтымақтастығы одан әрі тереңдетуді қажет етеді [11].

Басқа көпжақты даму банктерінің жұмыс моделінің ЕАДБ-дан айырмашылығы олар қаржыландыру құралдарының кең жиынтығын пайдаланады, яғни олар клиенттердің сұраныстарына жауап беретін неғұрлым икемді шешімдерді ұсынады. ЕАДБ даму институты ретінде өзінің миссиясы мен мандатына сәйкес келетін қызметін іске асыру барысында әртүрлі өнімдер мен құралдарды пайдаланады, олардың арасында жобалық қаржыландыру; инвестициялық қаржыландыру; капиталға қатысу; саудалық қаржыландыру; құжаттамалық операциялар; қорларға қатысу, оларды ұйымдастыру және басқару; жобаларды дайындау бойынша консультациялық қызметтер мен техникалық жәрдем көрсету негізгі рөлге ие [22]. Іс жүзінде ЕАДБ басқа көпжақты даму банктерінің қаржыландыру құралдарының дәстүрлі желісін ұсынады (5-кестеге қараңыз).

5-кесте – Негізгі көпжақты даму банктерінің жобаларды қолдау құралдары

| Банк | Кредиттер | Гранттар | Кредиттік желілер | Техникалық көмек | Кепілдіктер | Капиталға қатысу |
|---|---|---|---|---|---|---|
| АДБ | + | + | + | + | + | + |
| АфДБ | + | + | + | + | + | + |
| ААДБ | + | + | + | + | + | + |
| Дүние-жүзілік банк | + | + | | + | + | + |
| ЕҚДБ | + | | + | + | + | + |
| ЕИБ | + | | + | + | + | + |
| ЕАДБ | + | | | + | | + |
| Ескертпе – автормен келесі мәліметтер негізінде әзірленген: И.В. Андронова, А.В. Шелепов. Возможности усиления влияния НБР и АБИИ в глобальной финансовой системе / Вестник международных организаций. [26]; Стратегия Евразийского банка развития на период с 2018 по 2022 год [9]. | | | | | | |

Осылайша, ТМД нарығында көпжақты даму банктері ЕАДБ үшін негізгі бәсекелестікті тудырып отыр. ЕАДБ ресми сайтында жарияланатын көпжақты даму банктерінің инвестициялық қызметі жөніндегі шолуларға сүйенсек, көпжақты даму банктері 2020 жылдың IV тоқсанында ТМД елдерінде 5 407,7 млн. АҚШ доллары сомасына қаржыландыруды мақұлдаған, оның ішінде 38%-ы жеке меншік сектордың үлесіне тиесілі, ал 62%-ы егеменді қаржыландыру болып табылады. Ал жеке меншік сектордағы инвестициялық-жобалық қаржыландыру көлемі 2020 жылдың III тоқсанымен салыстырғанда 142%-ға артып, 2 037,6 млн. АҚШ долларын құраған. Сегіз халықаралық қаржы институттары: ЕҚДБ, ЕАДБ, ЕИБ, АИИБ, Халықаралық экономикалық ынтымақтастық банкі (бұдан әрі – ХЭЫБ), ЖДБ, Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) және Қара теңіз сауда және даму банкі (бұдан әрі – ҚТСДБ) ТМД елдеріндегі жеке меншік секторда 50 жаңа жоба бойынша қаржыландыруды бекіткен. Бекітілген инвестициялық-жобалық қаржыландырудың ең үлкен үлесі АИИБ-не (бұл жеке меншік сектордағы қаржыландырудың жалпы көлемінің 25% үлесі), ЕҚДБ-не және ЕАДБ-не тиесілі (әрқайсысының үлесі 18%-дан). Бұл ретте, тек қана ЕАДБ-не мүше елдерде 2020 жылдың IV тоқсанында жеке меншік секторға бөлінген қаржыландыру көлеміне тоқталар болсақ (6-кестені қараңыз), оның үлкен үлесі ЕАДБ-не тиесілі (28,2%), содан кейін АИИБ және ЖДБ орналасқан (әрқайсысы 23,5%-дан) [17].

6-кесте – 2020 жылдың 4-тоқсаны бойынша ТМД елдеріндегі жеке меншік сектордағы халықаралық даму банктерінің инвестицияларының көлемі, млн. АҚШ доллары

| ЕАДБ-не мүше мемлекеттер | АИИБ | ЕАДБ | ЕҚДБ | ЕИБ | ХҚК | ХЭЫБ | ЖДБ | ҚТСДБ | Сома, млн. долл. | ЕАДБ елдері арасындағы үлес | Жобалар саны, дана |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жеке меншік секторы бойынша инвестициялық-жобалық займдар | | | | | | | | | | | |
| Армения | | | 4,5 | | | | | | 4,5 | 0,4 | 1 |
| Беларусь | | 42,8 | 8,5 | | 85 | | | | 136,3 | 10,7 | 4 |
| Қазақстан | | 124,8 | 9,1 | | | | | | 133,9 | 10,5 | 4 |
| Қырғызстан | | | | | 3 | | | | 3 | 0,2 | 1 |
| Ресей | 300 | 192,8 | | | | 20,2 | 300 | 131,5 | 944,5 | 74,0 | 9 |
| Тәжікстан | | | 53,9 | | | | | | 53,9 | 4,2 | 4 |
| Барлығы | 300 | 360,4 | 76 | | 88 | 20,2 | 300 | 131,5 | 1276,1 | 100 | 23 |
| % | 23,5 | 28,2 | 6,0 | | 6,9 | 1,6 | 23,5 | 10,3 | 100 | | |

Ескертпе – 2020 жылдың 4-тоқсаны бойынша ТМД елдеріндегі халықаралық даму банктері инвестициялық қызметі жөніндегі ЕАДБ шолуында берілген деректер негізінде автормен әзірленген [12]

ЕАДБ-нің кредиттері тек қана жеке меншік секторда шоғырланғанына қарамастан, ЕАДБ ақпараты бойынша, 2020 жылдың соңында көпжақты даму институттарының ағымдағы инвестициялық портфелі бойынша қаржыландырудың жалпы көлемінің 16%-на жуық үлесі ЕАДБ-не тиесілі болды, яғни тек ЕҚДБ мен Дүниежүзілік қайта құру және даму банкінен кейінгі үшінші орынды иеленді [17]. Осылайша, жоғарыда берілген кестеден ЕАДБ Қазақстанның да жеке меншік секторындағы жобаларды іске асыруда маңызды рөл ойнайтындығын байқауға болады.

Жалпы ЕАДБ өзінің инвестициялық қызметінің толассыздығын қамтамасыз ету үшін халықаралық және ұлттық нарықтардан қарыз алуға мәжбүр. Себебі 1,5 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі төленген жарғылық капитал оның ағымдағы инвестициялық портфелінің қазіргі уақыттағы көлемін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, халықаралық нарықтан тартылған қаржы ресурстары бойынша ЕАДБ міндеттемелерінің жалпы көлемі 3,7 млрд. АҚШ долларын, оның ішінде басқа даму банктерінен алынған қарыз үлесі 21%-ды (784 млн. АҚШ доллары) құраған [5]. Халықаралық нарықтан қарыз алу мүмкіндігі халықаралық рейтинг агенттіктерімен Банктің кредит беру қабілеттілігіне берілетін баға негізінде жүзеге асады. ЕАДБ рейтингтерінің басқа жетекші өңірлік даму банктерінің рейтингтерінен төмендігі оның халықаралық нарық капиталында қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндіктерін шектемейді. Сонымен бірге ЕАДБ-нің сыртқы кредит беру қабілеттілігінің маңызды элементі Банктің несиелік рейтингі Ресей Федерациясының тәуелсіз рейтингінен асып түсетіндігі болатын [11].

## 1.2 COVID-19 пандемиясы жағдайындағы ЕАДБ қызметі

Әуелі Қытайда, кейіннен әлем елдерінің барлығына таралған COVID-19

коронавирустық инфекциясының пандемиясымен байланысты жағдай ЕАДБ мүше мемлекеттерімен қатар ЕАДБ қызметіне де сын-қатерлер тудырды. Банктің операциялық аймағындағы барлық елдерде экономикалық белсенділіктің төмендеуі байқалды, сондай-ақ экономикалық преспективадағы белгісіздік күшейді. 2020 жылы Банк қызмет етіп келе жатқан мерзімі ішінде ағымдағы инвестициялық портфелінің ең жоғары көрсеткішін (4,4 млрд. АҚШ доллары) көрсеткеніне қарамастан, оның инвестициялық портфелі 2019 жылмен салыстырғанда 2,3%-ға ғана өсті. Ал 2020 жыл үшін ЕАДБ-нің таза табысы 32,6 млн. АҚШ долл. құрады [5].

Егер Ресейдің зерттеу институтарымен жүргізілген зерттеулерге сүйенер болсақ, COVID-19 пандемиясымен күресте посткеңестік елдер үшін ірі кредиторлар ХВҚ, АДБ және АИИБ болды. Ал пандемия басталған сәттен бастап ең алғашқы кредит АДБ-нің Қытай Халық Республикасына берген кредиті болып саналады. Бұл аталған халықаралық қаржы институттарының дағдарыстық жағдайда тез әрекет ете алатынын көрсетеді. Мәселен, 2020 жылдың 12 маусымындағы жағдай бойынша көпжақты даму банктерінен посткеңестік елдер үшін коронавирус пандемиясымен күреске бөлінген қаржы көлемі бойынша кестеге сүйенсек (7-кестені қараңыз), ЕАДБ тарапынан тұрақтандыру кредиттерінің болмағанын байқауға болады [18].

7-кесте – ТМД елдеріне халықаралық қаржы институттары тарапынан келген көмек, млн. АҚШ доллары

| Ел | АИИБ | АДБ | ХВҚ | ХҚДБ | ЕҚДБ | ХДА | ХҚҚ | ИДБ | ЕАДБ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Әзірбайжан | 0 | 0 | 0 | 0 | 3,5 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| *Армения* | *0* | *20* | *175* | *3* | *50* | *0* | *0* | *0* | *0* |
| *Беларусь* | *0* | *0* | *0* | *101,7* | *30,5* | *0* | *25* | *0* | *0* |
| Грузия | 100 | 100 | 375,6 | 80 | 225 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| *Қазақстан* | *750* | *1000* | *0* | *0* | *93,1* | *0* | *0* | *0* | *0* |
| *Қырғызстан* | *0* | *70* | *242* | *0* | *0* | *21,15* | *0* | *15* | *0* |
| Молдова | 0 | 0 | 235,1 | 0 | 0 | 59,8 | 0 | 0 | 0 |
| *Ресей* | *0* | *0* | *0* | *0* | *0* | *0* | *0* | *0* | *0* |
| *Тәжікстан* | *0* | *50* | *200,22* | *0* | *2* | *11,3* | *0* | *9,4* | *0* |
| Түрікменстан | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Өзбекстан | 0 | 500 | 374,33 | 0 | 0 | 95 | 0 | 63,3 | 0 |
| Украина | 0 | 5000 | 135 | 3,7 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

Ескертпе – Ресейдің зерттеу инститтуттарының жасаған баяндамасынан [18] алынып, автормен аударылған

Соған қарамастан, COVID-19 пандемиясымен байланысты дағдарыс

жағдайында ЕАДБ-нің дағдарысқа қарсы шаралары үш бағытта жүзеге асырылды: қарыз алушыларға көмек көрсету, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін инвестициялық қызметті қолдау, өнеркәсіп субъектілерінің нысаналы бағдарламаларын қаржыландыру [19]. Бірінші бағыт бойынша банктің қатысушы мемлекеттерінде іске асырылып жатқан жобалар бойынша қарыз алушыларды қолдау мақсатында кредиттер бойынша жеңілдіктер берілді, ақшалай емес қаржыландыру шарттарының бұзылуы бойынша талаптардан босатылып, олардың орындалуы үшін қосымша мерзімдер бекітілді. Екінші бағыт бойынша мүше елдердегі маңызды инвестициялық жобаларды іске асырудың үзіліссіздігін қамтамасыз етеді. Мысалы, 2020 жылы Қазақстан Республикасында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік көлік дәлізі құрамындағы Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының (БАКАД) құрылысы мен іске қосылуы, Ресей Федерациясында Орталық айналма автожолының төртінші іске қосу кешенінің (ЦКАД-4) құрылысы, Беларусь Республикасында «Беларуськалий» ААҚ инвестициялық бағдарламасын қаржыландыру жобалары бекітілді. Үшінші бағыт бойынша қатысушы мемлекеттер кәсіпкерлерінің дағдарысқа қарсы қолдау көрсету жоспарларына қатысу үшін банк өз ресурстарын пайдаланады, соның ішінде шағын және орта бизнесті қолдау, зардап шеккен салаларда адрестік көмек және ЕАДБ мүше елдерінің сауда-экономикалық байланыстарын қолдау. Әіресе Ресей орталық экспорттық банкімен бірлескен бағдарлама шеңберінде Қазақстанда жедел медициналық көмек көліктерін жеткізуге несие берді [20].

ЕАДБ-не мүше мемлекеттердің ұлттық экономикаларының әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстың теріс салдарын еңсеруі, олардың экономикалық және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың экономикаларының ықпалдастығын одан әрі тереңдетуге жәрдемдесу мақсатында 2009 жылы ЕТДҚ құрылды. ЕТДҚ-ын құру туралы шарттың 2-бабына сүйенсек: «Қордың қаражаты:

– әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстың келеңсіз салдарын еңсеру мақсатында Қорға қатысушы мемлекеттерге егемен қарыздар беру;

– кіріс деңгейі төмен Қорға қатысушы мемлекеттерге тұрақтандыру кредиттерін беру;

– мемлекетаралық инвестициялық жобаларды қаржыландыру;

– әлеуметтік салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін кіріс деңгейі төмен Қорға қатысушы мемлекеттерге гранттар беру үшін пайдаланылады» [10]. 2009 жылғы 9 маусымда қол қойылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорының (2015 жылдан бастап ЕТДҚ) қаражатын басқару туралы келісімге сәйкес ЕАДБ осы қордың қаражатын басқарушы болып табылады.

ЕТДҚ-нің құрылу мақсаттарын ескере отырып, ЕАДБ өз басқаруындағы ЕТДҚ желісі бойынша COVID-19 пандемиясының салдарларын еңсеру үшін үкіметтік бағдарламаларды қолдау мақсатында Беларусь Республикасына 500 млн. АҚШ долл., Тәжікстан Республикасына 50 млн. АҚШ долл. көлемінде несие берді. Сондай-ақ Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасында денсаулық сақтау жүйелерін қолдауға бағытталған

жобаларды қаржыландыру үшін әрқайсысына 3 млн. АҚШ долл. сомасына гранттар берілді [20].

Аталған бағыттардағы жұмыс 2021 жылы қабылданған Сыртқы және ішкі шоктардың жағымсыз әсері жағдайында қатысушы мемлекеттердің экономикаларына контрциклдық қолдау көрсету бойынша ЕАДБ бағдарламасының (ЕАДБ контрциклдық қолдау бағдарламасы) басты мақсаттары болып табылады [19].

COVID-19 пандемиясы ЕАДБ қызметінің бағытын өзгерткені сөзсіз. COVID-19 пандемиясынан туындаған және ЖІӨ-нің төмендеуімен, сатып алу сұранысының азаюымен сипатталған ЕАДБ-ға мүше елдердегі дағдарыс жаңа қаржы ресурстарын тартуда кедергі болды. Сондай-ақ COVID-19 коронавирусын шектеу шараларына байланысты ЕАДБ қатысушы елдері өздерінің өндіріс құрылымын өзгертуге мәжбүр болды, бұл ЕАДБ-нен өзінің инвестициялық қызметінің басымдықтарын қайта қарауды талап етті. Пандемия халықаралық өндіріс пен трансшекаралық инвестицияларға қатты әсер етті, осылайша ЕАДБ инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды баяулатып, жаңа жобаларды кейінге қалдыруға мәжбүр болды.

ЕАДБ-ның пандемиядан кейінгі әлемде жаңа даму траекториясы бойынша қозғалу үшін есеп айырысу-клирингтік қызметі, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері арқылы экономиканың негізгі секторларындағы ұлттық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу есебінен қаржылық өнімдерді кеңейту қажет. Жобаларды мемлекетаралық құрылымдық бағыттарда қаржыландыру керек, мысалы, халықаралық дәліздер шеңберіндегі көлік қатынасы, өндірістік тізбектер.

# 2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЕАДБ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

## 2.1 Банктің Қазақстанның халықаралық дәліздерін дамыту шеңберінде қазақстандағы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға қатысуы

ЕАДБ құрылған сәттен бастап жеке меншік сектордағы жобаларды іске асыруға Қазақстан экономикасына Банк қаражаты есебінен 3,8 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылған. 2022 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша, ЕАДБ-ның ағымдағы инвестициялық портфелі 4,1 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде 1,44 млрд. АҚШ доллары Қазақстан Республикасында іске асырылатын 34 жобаны қамтиды (Қосымша 2 қараңыз). Бұл жобаларға көбінесе энергетика, көлік, қаржы секторы, тау-кен өндірісі және т.б. салалардағы жобалар кіреді.

2020 жылдан бастап ЕАДБ Қазақстанда «жасыл» жобаларды қаржыландыруға қызығушылығын арттыруда, әсіресе жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) дамыту бойынша жобаларға ерекше назар аударады. Осы орайда Банк Кеңесі бекіткен ЖЭК саласындағы жобаларды қаржыландыру бағдарламасы сәтті іске асырылуда. Бұл бағдарламаның мақсаты Банктің мүше елдерінде 600 млн. АҚШ долларына дейінгі сомада қуаттылығы 500 МВт аспайтын жобаларды қаржыландыру болып табылады. Аталған бағдарламада көзделген барлық жобаларды іске асырған жағдайда, CO2 шығарындыларының көлемі жылына кемінде 500 мың тоннаға дейін қысқарады деп күтілуде.

2020 жылы Банк Қазақстан Республикасында күн электр станцияларының құрылысы бойынша жобаларға қаржы бөлді – орнатылған қуаттылығы Түркістан облысында 50 МВт және Қызылорда обласында 10 МВт құрайтын станциялар. Осы жобалардың жалпы сомасы – 47 млн. АҚШ долларынан астам [5]. Бұл ЕАДБ инвестициялық қызметінің ТДМ-на бағытталуының бір көрінісі болып есептеледі.

ЕАДБ миссиясын ескере отырып, Банктің қаражатын Қазақстан аумағындағы стратегиялық маңызға ие жобаларға тарту қажет. Осындай жобалардың қатарына Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін көтеруге бағытталған инфрақұрылымдық жобалар кіреді. Сондай-ақ Мемлекет Басшысының 2022 жылғы қаңтар айында өткен «Орталық Азия – Қытай» және саммитінде халықаралық көлік бағыттарын әртараптандыруды және интеграцияланған логистика шешімдерін, соның ішінде құрлықтық көлік дәліздерін іске қосу арқылы енгізу мәселесін басым міндет ретінде анықтап бергенін ескере отырып, өңірлік көпжақты даму институттарын да осы мақсатқа жетуде жұмылдыру қажет. Президент Қ.К. Тоқаевтың айтуынша, осы мақсаттарға 2025 жылға дейін 20 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салу жоспарлануда. Бұл өз кезегінде Қытайдан келетін транзит ағынын кеңейту үшін және өңір елдерінің өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыру үшін қажетті әсер береді деп сенеді [21].

Неліктен ЕАДБ сияқты өңірлік даму институттарының қаржыландыру тетіктерін дәл осындай халықаралық көлік дәліздерін дамыту жобаларына

бағыштау қажет? Басқа экономика салалары стратегиялық маңызға ие емес пе деген де әділ сауал туындауы мүмкін.

Қазақстан сияқты, теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін халықаралық көлік дәліздері айрықша рөл ойнайды. 2019 жылғы 5 желтоқсанда теңізге шыға алмайтын дамушы елдер үшін Веналық іс-қимылдар бағдарламасын іске асырудың он жылға арналған (2014-2024) орта мерзімді шолуы бойынша жоғары деңгейдегі БҰҰ Халықаралық конференциясының қорытындылары бойынша қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының 74/15 қарарында теңізге шыға алмайтын елдер мен транзиттік елдер үшін сауданың және транзиттік тасымалдардың тиімділігін арттыру мақсатында дәліздерді пайдалануға негізделген тәсілді көтермелеу туралы мәселені қарау бойынша ұсыным баяндалған. Теңізге шыға алмайтын дамушы елдер мен транзит елдері өңірлік қатынастарға ықпал ету және тиісті экономикалық мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін осы дәліздер бойынша жүру уақытын қысқартуда қосымша күш-жігер жұмсауға және халықаралық көлік дәліздерін басқаруда кешенді және рационалды тәсіл қолдануға тиіс. Құрлықтық орналасу теңізге шығатын елдермен салыстырғанда, елдің өсу қарқынын 1,5 пайыздық тармаққа төмендетеді [23]. Теңізге шыға алмайтын әлемнің 44 елінің көпшілігі Еуразия құрлығында орналасқаны белгілі, олардың ішінде ЕАДБ-нің алты акционер елдерінің бесеуі бар: Қазақстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан.

Сонымен бірге халықаралық көлік дәліздерін дамыту мемлекеттер арасындағы сауда мен экономикалық ынтымақтастықты дамытудың басты құралы және өңірлік экономикалық интеграцияны нығайтудағы ынталандыру болып табылады. Бірқатар халықаралық зерттеулердің көрсетуі бойынша, халықаралық дәліздерді құру жүк ағындарын жақсырақ басқаруға, заңнаманы жетілдіруге, шекараларда келісілген рәсімдерді ендіруге, инфрақұрылымға инвестициялар тартуға және мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [24]. ЕАДБ және ЕТДҚ бас экономисті Е.В. Винокуровтың пайымдауынша: «көлік дәліздерін дамыту елдердің транзиттік әлеуетін ұтымды пайдалануға, олардың бағыттары бойынша өнеркәсіпті оқшауландыруға жәрдемдесуге, экспортты дамытуға және құрлықішілік мемлекеттер мен өңірлердің байланысын күшейтуге мүмкіндік береді» [25].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, Инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауларында жарияланғандай, халықаралық көлік дәліздері инфрақұрылымын дамыту мен оның өткізу қабілетін арттыру – алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі екендігін назарға ала отырып, және де Қазақстан Республикасының Еуропа мен Азия тоғысында орналасқан ел ретіндегі географиялық басымдығын ескере отырып, еліміз үшін мұнайдан кейінгі табыс көзіне айнала алатын транзиттік тасымалдау әлеуетін арттыруға бағытталған жобаларды ЕАДБ-нің де қаражаты есебінен қаржыландыру екі тарап үшін өзара тиімді, әрі ұтымды мүмкіндік болмақ.

ЕАДБ-нің 2022-2026 жылдарға арналған стратегиясына сүйенер болсақ, Банкт «Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі шеңберіндегі мега жобаны құрылымдап, оны іске қосу мақсатын алдына алып отыр [11]. Осы бағытта ЕАДБ-нің өз кезегінде ЕАЭО елдері арасындағы интеграция мен сауда қатынастарын дамыту құралына айналу мақсатын ескере отырып, ЕАЭО-тың бірыңғай кеден жүйесі аясында Қазақстанның Ақтау теңіз порты арқылы өтетін солтүстік батыс және оңтүстік батыс бағытындағы транзит жолдарын дамытуға үлес қоса алады.

Қазақстанның халықаралық нарық пен мұхиттарға шығуы үшін пайдаланылатын транзиттік жолдары басқа мемлекеттердің, соның ішінде ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтеді. Украина мен Ресей арасындағы шиленіске байланысты, Ресейге қарсы қабылданған бірқатар санкциялар Қазақстанның Ресей аумағы арқылы өтетін көлік дәліздері жолымен Еуропалық Одақ елдеріне жүк тасымалдарын жүргізуде қиыншылықтар тудырып отыр. Бұл ретте, қазақстандық логистикалық компаниялар мен халықаралық жүк тасымалдаушылар үшін Еуропаға жүк тасымалы бойынша балама құрлықтық бағыт ретінде Ақтау және Құрық теңіз порттарының қуатын пайдалану ұсынылып отыр. Мәселен, 2015 жылы Ресей мен Түркия арасында туындаған саяси шиеленіс барысында Ресей тарапы Түркияға қатысты экономикалық санкцияларды енгізуіне байланысты, Қазақстанға экспортталған түрік тауарларының тасымалы бірқатар кедергілерге тап болды. Себебі бұл тауарлар Ресей және Грузия аумағы арқылы Қазақстанға жеткізіледі. Ал Ресей тарапымен қойылған шектеулерге байланысты Ресей-Грузия шекарасында Қазақстанға түрік тауарларын тасымалдаушы 30-ға жуық жүк көліктері кептелісте қалды. Осы мәселені шешу үшін Түркиядан Қазақстанға тауарларды жеткізудің балама бағыты ретінде Әзірбайжан мен Каспий теңізі арқылы Ақтау теңіз порты пайдаланылды [27]. Яғни санкциялық жағдайда, Ресей аумағы арқылы өтетін көлік дәліздерінің мүмкіндігі шектелген тұста Қазақстаннан экспортталатын тауарлар мен Қазақстанға экспортталған тауарлардың толассыз тасымалын қамтамасыз етудің балама жолы ретінде Ақтау теңіз портының мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Сонымен қатар, Ақтау халықаралық теңіз сауда портын кеңейту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысымен қабылданған инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесіне кіреді [28].

Ал порттың үлкен көлемде жүкті ауыстырып тиеу мүмкіндігін арттыру мемлекет тарапынан да, басқа да қаржы институттары тарапынан да бірқатар қаржыландыруды қажет етеді.

«Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ халықаралық көлік ағындары жүйесінде үлкен рөл ойнайды. Ол Каспий теңізі арқылы Қара теңіз бен Жерорта теңізіне, Балтық бассейндеріне, Парсы шығанағына, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің порттарына шығуға мүмкіндік береді.

«Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ акционері – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ оның 100% акциялар пакетіне ие [31].

Жалпы ауданы: 61,48 га – жер қоры, 117 га – «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы су қорының жері. Ақтау порты «Ақтау теңіз порты»

арнайы экономикалық аймағында орналасқанына қарамастан, заңнамалық шектеулерге орай оның қатысушысы болып табылмайды. Ақтау портының ақпаратына сүйенсек, қазіргі уақытта Ақтау портының аталған арнайы экономикалық аймаққа кіруі бойынша шектеулерді шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Қазіргі таңда Ақтау портының инфрақұрылымдық жаңғыруы мен жүк тасымалдау техникасын жаңарту үшін қажетті инвестицияға тоқталар болсақ, «Ақтау теңіз порты» ҰК» АҚ-ның ақпаратына сәйкес келесідей қаражатты талап етеді:

1. № 3 айлақты ұзарту және айлақ қабырғасының бойымен түбін тереңдете отырып, № 12 айлақты реконструкциялау 21,7 млрд. теңге (ҚҚС-пен) немесе 48,9 млн. АҚШ доллары, оның ішінде:

- № 3 айлақты ұзарту – 3,3 млрд. теңге немесе 7,3 млн. АҚШ доллары;

- № 12 айлақты қайта жаңарту (порталды кранмен) – 18,4 млрд. теңге немесе 40,8 млн. АҚШ доллары.

2. № 9 және № 10 мұнай құю айлақтарын және толқын тосуды реконструкциялау – 12,3 млрд. теңге немесе 27,2 млн. АҚШ доллары, оның ішінде:

- №9 және №10 мұнай құю айлақтарын қайта жаңарту – 6,5 млрд. теңге немесе 14,4 млн. АҚШ доллары;

- толқын тосуды реконструкциялау – 5,8 млрд. теңге немесе 12,8 млн. АҚШ доллары;

Аталған теңіз портының маңыздылығы жыл сайын артып келе жатқанын ескере отырып, оны кеңейту Мемлекет басшылары қойған алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі болып табылатындықтан, магистрлік жобаның практикалық маңызы ретінде ЕАДБ инвестициясы есебінен жүзеге асыруды ұсыну қарастырылған болатын.

Осы жобаны ЕАДБ қаражаты есебінен асырудың өзіндік артықшылықтары (күшті жақтары), проблемалық тұстары (әлсіз тұстары), мүмкіндіктері мен қауіптері бар (8-кестені қараңыз).

8-кесте – Ақтау портының инфрақұрылымдық жаңғыруы мен жүк тасымалдау техникасын жаңарту жобасын ЕАДБ қаражаты есебінен іске асыруға SWOT-талдау

| **(S) Күшті жақтары** | **(W) Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| - *Банктің қаржыландыру шарттарының қолайлылығы*. Банк мерзімінің ұзақтығы 25 жылға дейін құрайтын кредит бере алады және өз қарыз алушыларына пайыздар мен борыштың негізгі бөлігін төлеу бойынша жеңілдетілген мерзім | - *Банктің пайыздық мөлшерлемелерінің Банкке мүше мемлекеттердің орталық банктерінің ұлттық мөлшерлемелеріне тәуелділігі.* Басқа халықаралық қаржы институттарымен салыстырғанда, |

Кестенің жалғасы

| | |
|---|---|
| ұсынады. Мәселен, коммерциялық қаржы ұйымдары өз тұтынушыларына мұндай артықшылықтар ұсына алмайды.<br>- *Банктің жеке меншік сектордың субъектілерімен тікелей байланысы.* Халықаралық қаржы институттарының басымы (АДБ, ЕҚДБ, ХҚДБ) жеке меншік сектордағы тәуекелге ие жобаларды қаржыландыруда Үкімет тарапынан кепілдік пен қолдауды қажет етеді. ЕАДБ керісінше жоба іске асырылатын мемлекеттен мемлекеттік кепілдікті талап етпейді. | Банктің пайыздық мөлшерлемелері жоғары және ЕАДБ-не мүше мемлекеттердің орталық банктерінің пайыздық мөлшерлемелеріне тәуелді. Банк операциясы елдердің орталық банктерінің пайыздық мөлшерлемесі ұлғайған жағдайда, ЕАДБ-нің де пайыздық мөлшерлемесі пропорцоналды түрде өседі. Бұл Банктің пайыздық мөлшерлемелерінің басқа коммерциялық қаржы ұйымдары ұсынатын пайыздық мөлшерлемелерден артықшылығының дерлік болмауына алып келеді.<br>- *қарыз алушының іске асырылатын жобаға қажетті қаржыландырудың 20%-ын қамтамасыз етуі.* ЕАДБ Инвестициялық қызметі туралы ережеге сәйкес, ЕАДБ-нің негізгі қаржыландыру шарттарының бірі – жобаға қажетті инвестицияның 20%-ын қарыз алушы өз тарапынан қаржыландыруы шарт. |
| **(O) Мүмкіндіктері** | **(T) Қауіп-қатерлер** |
| – *Банктің жобаны синдикатталған қаржыландыру бойынша дайындау және ұйымдастыру процесіне қатысуы* | - *Жобаның іске асырылмауы.* Жобаны ЕАДБ кредиттік желісімен іске асыру жаңа геосаяси жағдайларда Банктің инвестициялық қызметін жүргізу мүмкіндіктеріне тәуелді. Әлемдік қауымдастық елдері тарапынан Банк қызметіне қарсы санкциялар қабылданған жағдайда, Банк өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болады. |
| Ескертпе – автормен әзірленген | |

Жүргізілген талдау негізінде ЕАДБ-нің аталған жобаға қатысу мүмкіндігінің төмен екендігі көрініс тапты. Осыған байланысты, халықаралық

көлік дәліздері шеңберінде инвестициялық жобаны еуразиялық кеңістікте әрекет ететін басқа да халықарлық даму банктерінің (АДБ, АИИБ, ЕҚДБ немесе Дүниежүзілік банкі) қаражаты есебінен іске асыру ұсынылады.

### 2.2 Антиресейлік санкциялар тұрғысында ЕАДБ және Қазақстан үшін тәуекелдерді бағалау

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы басымдықтардың бірі Қазақстанның халықаралық және өңірлік экономикалық және қаржы ұйымдарымен, соның ішінде ЕАДБ-мен өзара іс-қимылын нығайту болып табылады [29]. Алайда, Ресей мен Украина арасындағы шиеленістің күрделенуіне орай АҚШ және Батыс елдері тарапынан қабылданып жатқан антиресейлік санкиялар Банктің қызметіне әсер етпей қоймайды. Бұл өз кезегінде Қазақстан үшін де тәуекелдер тудырады.

Қазіргі уақыттағы антиресейлік санкциялардың күшеюі халықаралық рейтинг агенттіктері тарапынан берілетін Банктің кредиттік рейтингтерінің төмендеуіне әкеліп соқты. Осылайша, Moody’s және Standard&Poor’s халықаралық рейтинг агенттіктері тарапынан Банк капиталының жеткіліктігіне, өтімділігі мен қорландырылуына, мүше мемлекеттерден келетін қолдауға тәуекелдер төніп тұрғанын көрсете отырып, ЕАДБ-не шетелдік валютадағы эмитенттің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингіне төмен баға берілді (Moody’s – «Baa1» деңгейінен «B3» деңгейіне дейін, ал Standard&Poor’s «BBB» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін). Сонымен бірге осы агенттіктер өз релиздерінде ЕАДБ-не берілген рейтингтердің қайта қаралатындығын, бірақ одан әрі түсуі мүмкін екендігін және Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы экономикалары күрт төмендеген жағдайда, бұл ЕАДБ активтерінің сапасы мен қаржылық нәтижелерінің айтарлықтай төмендеуіне әкеліп соғатынын атап өтті. Себебі, Банктің инвестициялық портфелінің 60%-ы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы аумағындағы жобаларды қаржыландыруға шоғырланған, сондай-ақ ЕАДБ жарғылық капиталындағы үлес бойынша да Ресей Федерациясы бірінші, ал Беларусь Республикасы үшінші ірі акционер елдер болып саналады [30].

Орын алған геосаяси жағдайдың шиеленісуі тұсында антиресейлік санкциялардың әсерінен туындауы мүмкін тәуекелдерді ЕАДБ және Қазақстан Республикасы үшін тәуекелдер деп екі блокқа бөліп қарастырайық (9-кестені қараңыз).

9-кесте. Антиресейлік санкциялар жағдайындағы тәуекелдер

| **Антиресейлік санкциялар жағдайындағы тәуекелдер** | |
|---|---|
| **ЕАДБ үшін** | **Қазақстан үшін** |
| - *ЕАДБ инвестициялық белсенділігін қамтамасыз ету үшін* | - *қазақстандық жобаларды ЕАДБ қаражаты есебінен* |

Кестенің жалғасы

| | |
|---|---|
| *капиталдың жеткіліксіздігі*. ЕАДБ-нің кредиттік рейтінгінің төмендеуіне орай Банк халықаралық қаржы нарығынан капитал тарту мүмкіндігінен айырылды. Бұл ретте, Банктің әлемдік қауымдастық тарапынан санкцияларға ұшырамаған 4 акционерінің (Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан) Банктің жарғылық капиталына қосымша жарна бөлу мүмкіндігі төмен екенін ескеру қажет.<br>- *ЕАДБ кредиттік портфелінің қысқаруы.* ЕАДБ-нің жобаларды қаржыландыруға капиталының жеткіліксіздігі, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелерінің артуы акционер елдер тарапынан Банктің қаражатын тартуға деген қызығушылықтың төмендеуіне әкеліп соғады.<br>- *2018-2022 жылдарға арналған Стратегиясының мақсаттары мен міндеттерінің орындалмауы.*<br>COVID-19 пандемиясының салдары мен оның жаңа толқындарының пайда болуы, сондай-ақ антиресейлік санкциялардың күшеюі ЕАДБ-нің 2026 жылдың соңына дейін қол жеткізуді көздеп отырған өр мақсаттарын орындай алмауына әкеліп соғуы мүмкін.<br>- *ЕАДБ-не қарсы санкциялардың қабылдануы (ең жағымсыз сценарий).* Әлемдік қауымдастық тарапынан Банк қызметіне қарсы санкциялар қабылданған жағдайда, Банк өз қызметін толығымен тоқтатады, де-юре дефолт жағдайына ұшырайды. | *қаржыландыру мүмкіндігінің төмендеуі.* Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Ресей Федерациясының Орталық Банкінің 2022 жылдың басынан бастап пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайтуы ЕАДБ-нің инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің көтерілуіне әкеледі. Бұл өз кезегінде қазақстандық қарыз алушылар қатарын азайтады.<br>- *Банк дефолт жағдайына тап болуымен байланысты тәуекел (ең жағымсыз сценарий).* Бұл жағдайда Банктің жарғылық капиталына Қазақстан төлеген жарнаны (төленген капитал – 500 млн. АҚШ доллары, талап етілгенге дейінгі капитал – 1 809,3 млн. АҚШ доллары) қайтарып алу мәселесі туындайды. ЕАДБ Жарғысының 3-бабына сәйкес, «Банк өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Банкке қатысушылар Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банкке қатысушылар оларға тиесілі акциялар құнының шегінде Банктің қызметіне байланысты залалдың тәуекелдігіне тәуелді болады.» [3]. Бұл Банктің жарғылық капиталына төленген жарнаның қайтарылмауы мүмкін екендігін білдіреді. |
| Ескертпе – Moody’s және Standard&Poor’s халықаралық рейтинг агенттерінің Банктің қызметі бойынша болжамдарының негізінде автормен әзірленген [30] | |

ЕАДБ инвестициялық қызметін қамтамасыз ету келесідей міндеттердің шешілуімен тығыз байланысты:

– санкциялық тәуекелдерді азайту;
– Банктің кредиттік рейтингтерін көтеру;
– ЕАДБ-нің тұрақты жобалық қызметін қайта жаңарту.

Бұған қол жеткізу үшін Банкке Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасындағы жобаларды қаржыландыруға берілген кредиттерді қайта құрылымдау, іске асырылып жатқан жобалар бойынша тәуекелді бағалау бойынша және банк провизияларын есептеу бөлігінде жұмыстар жүргізу қажет.

Банктің инвестициялық қызметін қолдау және дефолт жағдайына жеткізбеу үшін келесідей ұсынымдар ұсынылады:

1. Саяси сипаттағы ұсынымдар.

Біріншіден, ЕАДБ Басқармасының төрағасы лауазымына Қазақстан Республикасының өкілін тағайындау. Банк құрылған сәттен бастап, ЕАДБ Төрағасы ретінде Ресей Федерациясының өкілі тағайындалып келеді (10-кестеге қараңыз).

10-кесте. ЕАДБ Басқармасының төрағаларының тізімі, 2006-2022 жж.

| **Аты-жөні** | **ЕАДБ Басқармасында төрағалық ету мерзімі** | **ЕАДБ-ға дейінгі соңғы лауазымы** |
|---|---|---|
| Финогенов Игорь Валентинович | 12.06.2006 – 18.02.2015 | 2005-2006 жж. – Ресей Федерациясы Қаржы министрінің көмекшісі (осы қызметінде ЕАДБ-ні құру жұмысымен айналысқан) |
| Панкин Дмитрий Владимирович | 18.02.2015 – 01.12.2017 | 2013-2015 жж. – Ресей Федерациясы Қаржы министрінің орынбасары |
| Бельянинов Андрей Юрьевич | 01.12.2017 – 29.06.2020 | 2006-2016 жж. – Ресей Федерациясы Федералды кеден қызметінің Басшысы |
| Подгузов Николай Радиевич | 29.06.2020 – қазіргі уақыт | 2017-2020 жж. – «Почта России» АҚ Бас директоры |
| Ескертпе – ЕАДБ ресми сайтындағы мәлімет негізінде автормен әзірленген [32] | | |

Екіншіден, ЕАДБ Басқармасы құрамындағы Ресей Федерациясының өкілдерінің санын қысқарту. Қазіргі уақытта ЕАДБ Басқармасының құрамына Ресей Федерациясының 6 өкілі мен Қазақстан Республикасының 4 өкілі ғана кіреді (11-кестеге қараңыз).

11-кесте. ЕАДБ Басқармасының құрамы

| № | Аты-жөні | Лауазымы | Өкіл ететін ел |
|---|---|---|---|
| 1 | Подгузов Николай Радиевич | ЕАДБ Басқармасының төрағасы | Ресей Федерациясы |
| 2 | Даленов Руслан Ерболатович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Қазақстан Республикасы |
| 3 | Васильев Сергей Александрович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Ресей Федерациясы |
| 4 | Грачков Леонид Олегович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Ресей Федерациясы |
| 5 | Ильин Денис Вячеславович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Ресей Федерациясы |
| 6 | Имангалиев Данияр Тлетаевич | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Қазақстан Республикасы |
| 7 | Исенов Амангельды Сагандыкович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Қазақстан Республикасы |
| 8 | Мандрон Ярослав Владимирович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Ресей Федерациясы |
| 9 | Мухамбетжанов Берик Копжасарович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Қазақстан Республикасы |
| 10 | Саркисян Тигран Суренович | ЕАДБ Басқармасы төрағасының орынбасары | Ресей Федерациясы |
| Ескертпе – ЕАДБ ресми сайтынан алынған ақпарат негізінде автормен әзірленген [32] | | | |

Ресей Федерациясы тарапынан өкілдерді ЕАДБ-нің 3 акционер елінің (Армения, Қырғызстан және Тәжікстан) өкілдерімен ауыстыру арқылы олардың санын азайту Банктің тек қана Ресей мен Қазақстанға бағытталмағандығын көрсетеді.

2. Экономикалық сипаттағы ұсынымдар. Біріншіден, Банктің жарғылық капиталын қайта бөлу арқылы акционерлік капиталдағы Ресейдің үлесін 30%-ға дейін қысқарту. Қазіргі уақытта Ресей Федерациясына ЕАДБ-нің жарғылық капиталының 65,98% үлесі тиесілі.

Екіншіден, Банктің Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы аумағында жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыруын болдырмау.

Үшіншіден, ЕАДБ-нің 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиясының орындалмау мүмкіндігін ескере отырып, қазіргі геосаяси ахуалды назарға ала отырып, оған өзгерістер енгізу арқылы оны жаңарту қажет.

Аталған ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасынан ЕАДБ-мен өзара іс-қимыл бойынша жауапты орган ретінде ЕАДБ Кеңесінің шешімдерін қалыптастыру барысында пайдалану ұсынылады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Магистрлік жобаны жазу барысында ЕАДБ еуразиялық кеңістіктегі елдер арасындағы интеграциялық байланысты нығайту құралы ретінде ЕАЭО елдері мен Тәжікстан үшін 2026 жылдың соңына қарай бірінші кезекті өңірлік даму банкіне айналуды мақсат еткені анықталды.

Пандемиямен байланысты жағдай, сондай-ақ Банктің 2018-2022 жылдарға арналған инвестициялық қызметі бойынша стратегиялық даму көрсеткіштерін асып түсуіне орай 2021 жылдың 2 шілдесінде ЕАДБ жаңа бес жылдық кезеңге (2022-2026 жж.) арналған негізгі стратегиялық бағыттары бекітілді. Жаңа бесжылдықта өз тұтынушыларының, қызметкерлерінің, акционерлері мен әріптестерінің игілігі үшін өз миссиясын іске асыру мақсатында ЕАДБ өз рөлін келесідей трансформациялауға назар аударатын болады:

– Өзінің инвестициялық қызметін жүзеге асыратын елдерде № 1 өңірлік даму банкіне айналу. 2026 жылдың соңына қарай жылдық инвестиция көлемін 3,0 млрд. АҚШ долларына дейін өсіру жоспарланып отыр, ал 2022-2026 жылдардағы кезең үшін инвестициялардың жинақталған көлемі 10,9 млрд. АҚШ долларын құрайтын болады.

– Екі немесе одан да көп елдердің қатысуымен жиынтық инвестициялық көлемі 1,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын 3 масштабты инвестициялық мега жобаларды іске асыруда көшбасшы банк болу және синдикаттарды ұйымдастырушы – күрделі мәмілелерді құрылымдауда кіші әріптестіктен көшбасшылыққа өту. Банк «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі, ЕАДБ операциялық елдеріндегі тауар жеткізудің ортақ желісі, су-энергетикалық кешені сияқты үш негізгі инвестициялық мега жобаны құрылымдап, оларды іске қосуды жоспарлап отыр.

– «Кіші экономикаға ие» елдерде инвестициялық портфельді 2020 жылмен салыстырғанда 4 есеге өсіру арқылы тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) жету бойынша жұмыстардың катализаторына айналу. 2026 жылдың соңына қарай Армениядағы, Қырғызстандағы және Тәжікстандағы инвестициялардың жиынтық мөлшерін 500 млн. АҚШ долларына жеткізу мақсатын қойып отыр.

– Қатысушы мемлекеттердің цифрлық трансформациялау міндеттерін шешу бойынша әріптесі. Жаңадан құрылған ЕАДБ Цифрлық бастамалар қорының қызметі Банктің қатысушы елдерінің цифрлық күн тәртібіндегі жобаларды іске асыруды қолдауға бағытталады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, Инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауларында жарияланғандай, халықаралық көлік дәліздері инфрақұрылымын дамыту мен оның өткізу қабілетін арттыру – алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі екенлігін ескере отырып, осы бағыттағы жұмысқа ЕАДБ қаражатын тарту мүмкіндігіне зерттеу жүргізу осы магистрлік жобаның бастапқы мақсаты болатын.

Алайда қазіргі уақыттағы Ресей мен Украина арасындағы оқиғалар мен соған байланысты антиресейлік санкциялардың күшеюі Банктің қызметіне кері әсерін тигізуде. Банк капиталының жеткіліктігіне, өтімділігі мен қорландырылуына, мүше мемлекеттерден келетін қолдауға төніп тұрған тәуекелдердің өсуіне орай Moody's және Standard&Poor's халықаралық рейтинг агенттіктері банкке шетелдік валютадағы эмитетнттің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін төмендетті (Moody's – «Baa1» деңгейінен «B3» деңгейіне дейін, ал Standard&Poor's «BBB» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін). Сонымен бірге осы агенттіктер өз релиздерінде банкке берілген рейтингтердің қайта қаралатындығын, бірақ одан әрі түсуі мүмкін екендігін атап өтті. Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы экономикаларының күрт төмендеуі мүмкіндігі күтілуіне орай ЕАДБ активтерінің сапасы мен қаржылық нәтижелері айтарлықтай төмендеуі мүмкін деген баға берді. Себебі Банктің инвестициялық портфелінің 60%-ын Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы аумағындағы жобалар құрайды, сондай-ақ жарғылық капиталдағы үлес бойынша да Ресей Федерациясы бірінші, ал Беларусь Республикасы үшінші ірі акционер елдер болып табылады. Бұл жағдайда Банктің алдында тұрған қатерлерді келесідей сипаттауға болады:

1) ЕАДБ капиталының жеткіліктілік деңгейінің төмендеуі. ЕАДБ-нің төленген жарғылық капиталы 1,5 млрд. АҚШ долларын құрайды, ал инвестициялық қызметін іске асыру үшін Банк халықаралық және ұлттық нарықтардан қарыз тартады. Ресей мен Укранина арасындағы шиеленіске орай қалыптасқан геосаяси жағдайда, Банктің халықарлық және ішкі нарықтардан қарыз тарту мүмкіндігі едәуір төмендеді.

2) ЕАДБ-не мүше елдердің аумағында Банктің инвестициялық белсенділігінің төмендеуі. Қатысушы елдердің экономикалық өсімі үшін маңызды салаларда жобаларды іске асыру мүмкіндігі қысқарады.

3) ЕАДБ қарыз алушыларының жағдайының төмендеуі. Бұл Банк кредиттерінің қайтарылымдылығын қамтамасыз етуге қауіп төндіреді.

Аталған қатерлер өз кезегінде Банктің жобаларды іске асырудан келетін түсім арқылы ЕАДБ-нің өзін-өзі толтыруына, еуразиялық кеңістікте жаңа жобаларды іске асыруына, жаңа бес жылдыққа қойған стратегиялық даму мақсаттарына жетуіне мүмкіндік бермейді.

Бұл өз кезегінде Банктің Қазақстанның халықаралық көлік дәліздерінің әлеуетін арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруы мүмкіндігі болмайтынын көрсетеді. Сол себепті стратегиялық маңызға ие жобаларды ЕАДБ-нен өзге халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты есебінен іске асыру ұсынылды.

Орын алған жағдайда, антиресейлік санкциялардың Банк қызметіне әсерін төмендету мақсатында Банк үшін алдыңғы қатардағы міндеттер келесідей болуы қажет:

– санкциялық тәуекелдерді азайту;
– ЕАДБ кредиттік рейтингтерін көтеру;
– ЕАДБ-ның тұрақты жобалық қызметін қайта жаңарту.

Бұған қол жеткізу үшін Банкке Ресей Федерациясы мен Беларусь

Республикасындағы жобаларды қаржыландыруға берілген кредиттерді қайта құрылымдау, іске асырылып жатқан жобалар бойынша тәуекелді бағалау бойынша және банк провизияларын есептеу бөлігінде жұмыстар жүргізу қажет.

Заманауи геосаяси және геоэкономикалық жағдайда ЕАДБ қаржы-экономикалық қиыншылықтармен кездесетін болады. ЕАДБ рейтингтерінің төмендеуіне байланысты оның ұлттық және халықаралық қаржы нарықтарында қарыз алу мүмкіндігінің азаюы, акционерлердің Банкті қолдау мүмкіндігінің төмендігі ЕАДБ-нің пандемиядан кейінгі кезеңдегі жаңа даму стратегиясының мақсаттарына жетуінде сын-қатерлер тудырады.

Банктің инвестициялық қызметін қолдау, ықтимал санкциялық тәуекелдерді болдырмау және Банкті дефолт жағдайына ұшыратпау мақсатында келесідей ұсынымдар ұсынылады:

1) Саяси сипаттағы ұсынымдар.

Біріншіден, ЕАДБ Басқармасының төрағасы лауазымына Қазақстан Республикасының өкілін тағайындау.

Екіншіден, Ресей Федерациясы тарапынан өкілдерді ЕАДБ-нің 3 акционер елінің (Армения, Қырғызстан және Тәжікстан) өкілдерімен ауыстыру арқылы олардың санын азайту.

2) Экономикалық сипаттағы ұсынымдар.

Біріншіден, Банктің жарғылық капиталын қайта бөлу арқылы акционерлік капиталдағы Ресейдің үлесін 30%-ға дейін қысқарту.

Екіншіден, Банктің Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы аумағындағы жобаларды қайта құрылымдау және жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыруды болдырмау.

Үшіншіден, геосаяси және геоэкономикалық ахуалды ескере отырып, Банктің 2022-2026 жылға арналған Стратегиясын жаңарту.

Осындай шаралардың қабылдануы әлемдік қауымдастық тарапынан ЕАДБ қызметіне қарсы санкциялардың енгізілуінің алдын алуы мүмкін және осы ұсынымдарды Қазақстан Республикасы атынан ЕДБ-мен өзара іс-қимыл үшін жауапты орган ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ЕАДБ Кеңесінің шешімдерін қалыптастыру барысында ескеру ұсынылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1 «Еуразия даму банкін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 12 сәуірдегі № 137 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000137_. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.

2 Тюлебеков Т.Б. Евразийский банк развития (ЕАБР) как один из инструментов региональной интеграции на постсоветском пространстве // «Актуальные научные исследования в современном мире». ISCIENCE.IN.UA. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44846233. Жүгінген күні: 10.03.2022 ж.

3 Евразийский банк развития // InvestProfit Прозрачное инвестирование. Финансовый блог. – URL: https://investprofit.info/eadb/. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.

4 Мелкумян К.С. Эффективность Региональных групп, созданных по типу ФАТФ (РГТФ), на примере Евразийской группы противодействия легализации преступных доходов и финансированию терроризма (ЕАГ) // АНИ: экономика и управление. 2017. Т. 6. № 2(19). – URL: file:///C:/Users/admin/Downloads/effektivnost-regionalnyh-grupp-sozdannyh-po-tipu-fatf-rgtf-na-primere-evraziyskoy-gruppy-protivodeystviya-legalizatsii-prestupnyh-dohodov-i-finansirovaniyu-terrorizma-eag.pdf. Жүгінген күні: 10.03.2022ж.

5 Годовой отчёт 2020 // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/ee1/EDB_AR_2021_RU_web.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022ж.

6 Положение об инвестиционной деятельности Евразийского банка развития // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/300/polozhenie-ob-id.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022ж.

7 Стратегия Евразийского банка развития на период 2013–2017 годов (уточненная редакция) // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/strategy_new.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

8 Мордвинова А.Э. Роль Евразийского банка развития в углублении интеграции стран – участниц Евразийского экономического союза // Проблемы национальной стратегии. 2020. № 6 (63). – URL: 1434f95e9bc2ec8e3b3796564f5a8132.pdf (e-cis.info). Жүгінген күні: 05.03.2022 ж.

9 Стратегия Евразийского банка развития на период с 2018 по 2022 год // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/data/strategy_2018_2022.PDF. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

10 «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорының қаражатын басқару туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 232-IV Заңы. // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000231_. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.

11 Стратегия Евразийского банка развития 2022-2026 // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: strategy_2021_final.pdf (eabr.org). Жүгінген күні: 20.02.2022ж.

12 Отчет об основных результатах деятельности Евразийского банка развития за 4 квартал 2021 года // Сайт внутренних нормативных документов Евразийского банка развития (ограниченный доступ). – URL: https://cloud2.eabr.org. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

13 Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 г. // Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН № 70/1 от 25 сентября 2015 г. – URL: http://www.un.org/ru/documents/ods.asp?m=A/RES/70/1. Жүгінген күні: 18.03.2022 ж.

14 Политика экологической и социальной ответственности Евразийского банка развития // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/13a/eco-and-social-policy-of-eabr.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

15 Евразийский банк развития приступил к формированию Концепции Евразийской товаропроводящей системы // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/press/releases/evraziyskiy-bank-razvitiya-pristupil-k-formirovaniyu-kontseptsii-evraziyskoy-tovaroprovodyashchey-si/. Жүгінген күні: 19.04.2022 ж.

16 Евразийский банк развития: Аналитика // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/analytics/. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

17 Обзор инвестиционной деятельности международных банков развития за IV квартал 2020 года // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/dc1/Obzor-MBR-4-kvartal-2020.pdf. Жүгінген күні: 19.02.2022ж.

18 Последствия пандемии для развития стран ЕАЭС: опыт антикризисных мер, уроки для перспектив интеграции. Доклад ИРИП ВАВТ, с участием Института исследований и экспертизы ВЭБ.РФ // Институт исследований и экспертизы ВЭБ.РФ. – URL: http://www.inveb.ru/attachments/article/452/%20%D0%BF%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D0%B8%20%D0%B4%D0%BB%D1%8F%20%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82~.pdf. Жүгінген күні: 24.03.2022 ж.

19 Программа Евразийского банка развития по оказанию контрциклической поддержки экономикам государств-участников в условиях негативного влияния внешних и внутренних шоков (Программа контрциклической поддержки ЕАБР) // Сайт внутренних нормативных документов Евразийского банка развития (ограниченный доступ). – URL: https://cloud2.eabr.org. Жүгінген күні: 19.04.2022ж

20 Евразийский банк развития нарастит текущий инвестпортфель по итогам 2020 года // Портал Trend news agency. – URL: https://www.trend.az/business/economy/3367680.html. Жүгінген күні: 19.04.2022ж.

21 Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» саммитінде қандай мәлімдемелер жасады? // TENGRINEWS порталы. – URL: https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-ortalyik-aziya-kyitay-sammitnde-kanday-malmdemeler-332929/? Жүгінген күні: 20.03.2022ж.

22 Кузнецов А.В. Региональная роль Евразийского банка развития в посткоронавирусном мире // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка». – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/regionalnaya-rol-evraziyskogo-banka-razvitiya-v-postkoronavirusnom-mire. Жүгінген күні: 25.01.2022ж.

23 Arvis, J-F., Raballand, G., Marteau, J-F. The Cost of Being Landlocked: Logistics Costs and Supply Chain Reliability. // World Bank Group. Open knowledge Repository. 2010. – URL: https://openknowledge.worldbank.org/bitstream/handle/10986/2489/558370PUB0cost1C0disclosed071221101.pdf?sequence=1&isAllowed=y. Жүгінген күні: 17.03.2022ж.

24 Винокуров Е.Ю., Лобырев В.Г., Тихомиров А.А., Цукарев Т.В.. Транспортные коридоры Шелкового пути: потенциал роста грузопотоков через ЕАЭС. — СПб.: Центр интеграционных исследований Евразийского банка развития, 2018. – 74 с.

25 Винокуров Е.Ю., Джадралиев М.А., Щербанин Ю.А. Международные транспортные коридоры ЕврАзЭС: быстрее, дешевле, больше. / Отраслевой обзор. Евразийский банк развития. – Алматы, 2009. – 58с.

26 Андронова И.В., Шелепов А.В.. Возможности усиления влияния НБР и АБИИ в глобальной финансовой системе / Вестник международных организаций. 2019, №1 – С. 39-54.

27 Тайбекулы А. Казахстан и евразийская интеграция: ожидания и реальность/ Доклад. Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации. – Астана – Алматы, 2016. – 68с.

28 «Инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 Қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090001293_. Жүгінген күні: 10.02.2022 ж.

29 «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001055. Жүгінген күні: 24.01.2022 ж.

30 Moody's и S&P понизили рейтинги Евразийского банка развития // Портал Kapital.kz. – URL: https://www.banki.ru/news/lenta/?id=10962715&. Жүгінген күні: 30.03.2022ж.

31 АО «НК «Актауский морской торговый порт»: О порте // Официальный сайт АО «НК «Актауский морской торговый порт». – URL: https://www.portaktau.kz/ru/. Жүгінген күні: 25.01.2022ж.

32 Евразийский банк развития: О банке // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/about/bank-management/. Жүгінген күні: 05.04.2022 ж.

# ҚОСЫМША 1

ЕАДБ ұйымдық құрылымы: Банктің функционалдық бағыттары




Ескертпе – ЕАДБ ресми сайтынан алынған материалды аудару арқылы автормен әзірленген

## ҚОСЫМША 2

31.03.2022ж жағдай бойынша ЕАДБ кредиттік портфелінің елдік және салалық құрылымы, *мың АҚШ долл.*

| Ел | Кредиттік портфель | Портфельдегі үлес, % | Саны, дана |
|---|---|---|---|
| Ресей | 1 629 895 | 39,9% | 27 |
| Қазақстан | 1 449 359 | 35,5% | 34 |
| Армения | 185 591 | 4,5% | 8 |
| Беларусь | 768 564 | 18,8% | 12 |
| Қырғызстан | 55 000 | 1,3% | 3 |
| Тәжікстан | - | - | - |
| **БАРЛЫҒЫ** | **4 088 409** | **100,0%** | **84** |
| **Сала** | **Кредиттік портфель** | **Портфельдегі үлес, %** | **Саны, дана** |
| Энергетика | 795 140 | 19,4% | 17 |
| Көлік | 750 499 | 18,4% | 13 |
| Басқа инфрақұрылым | 326 188 | 8,0% | 4 |
| Химия өнеркәсібі | 94 566 | 2,3% | 2 |
| Тау-кен өндірісі | 323 296 | 7,9% | 4 |
| Машина құрылысы | 397 760 | 9,7% | 5 |
| Металлургия | 25 118 | 0,6% | 1 |
| АӨК | 47 494 | 1,2% | 3 |
| Қаржы секторы | 1 226 265 | 30,0% | 31 |
| Өзге салалар | 102 083 | 2,5% | 4 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **4 088 409** | **100,0%** | **84** |
| Ескертпе – ЕАДБ ресми сайтындағы мәлімет негізінде автормен әзірленген | | | |

# ҚОСЫМША 3

ЕАДБ инвестициялық жобаларының интеграциялылық критерийлері

| № | **Интеграциялылық критерийлері** | **Сипаттамасы** |
|---|---|---|
| 1 | Трансшекаралық инфрақұрылым | Жоба екі немесе одан көп қатысушы мемлекеттер арасындағы көлік, логистика, электр энергиясы, телебайланыс және басқа да экономика секторларындағы өзара іс-қимылды кеңейтетін трансшекаралық инфрақұрылымдық жобаның бөлігі болып табылады немесе оны қолдауға бағытталған |
| 2 | Трансшекаралық әсерлерді құру | Жоба іске асырылу еліне байланысты, Банктің қатысушы мемлекеттерінің шаруашылық субъектілеріне және/немесе тұрғындарына экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа да жағымды әсер көрсетеді. |
| 3 | Елдер арасындағы өндірістік тізбекті құру/қолдау | Жобаны іске асыру барысында екі немесе одан да көп мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы кооперациялық өзара іс-қимыл қалыптасады немесе дамиды, оған шарттар бойынша қатынастар, оның ішінде есеп айырысу, жеткізу, жұмыстарды орындау, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өнімдерді жасау немесе базалық шикізатты өндіру сәтінен бастап өнімді немесе қызметті түпкі пайдаланушыға өткізу сәтіне дейінгі қызметтерді көрсету процесіндегі қатынастар кіреді. |
| 4 | Өзара сауданы кеңейту | Жоба шеңберінде жобаны іске асыру барысында жасалатын/көрсетілетін тауарлар мен қызметтердің экспорты есебінен Банкке қатысушы мемлекеттердің өзара саудасы ұлғаяды. |
| | | Жоба шеңберінде жобаны іске асыру барысында жасалатын/сатып алынатын шикізат пен жабдықтар импорты есебінен Банкке қатысушы мемлекеттердің өзара саудасы ұлғаяды. |
| 5 | Өзара инвестицияларды кеңейту | Жоба шеңберінде Банктің басқа қатысушы мемлекеттерінде тіркелген инвесторлар (жеке және заңды тұлғалар) тарапынан елдің кәсіпкерлік қызмет объектілеріне инвестициялардың ұлғаюы байқалады. |
| | | Жоба аясында банк қарыз алушысының басқа қатысушы мемлекеттердің кәсіпкерлік қызмет объектілеріне инвестициялары артады. |
| | | Жоба шеңберінде бірлескен кәсіпорындар, қатысушы мемлекеттердің бірыңғай нарықтары құрылады және дамиды (қаржы секторындағы жобалар). |
| Ескертпе – ЕАДБ ақпараты негізінде автормен әзірленген | | |

## ҚОСЫМША 4

### Талдамалы жазба

Жоба авторы: Абдуова Ф.А.
Ғылыми жетекші: Сыдықназаров М.Қ.,
саясаттану докторы,
филология ғылымдарының кандидаты

| Жоба идеясы | Еуразиялық даму банкінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі аймақтық рөлі |
|---|---|
| Проблемалық жағдай (кейс) | Соңғы жылдары ЕАДБ-нің еуразиялық кеңістікте инвестициялар көлемі бойынша жетекші даму банкіне айналу мүмкіндіктерінің пайда болғанына қарамастан, ЕАДБ өз инвестициялық қызметін іске асыруда жаңа қаржы-экономикалық қиыншылықтарға тап болуда.<br>Банк қызметі пандемияға бейімделгенімен, пандемияның жаңа толқындарының пайда болуы, сондай-ақ 2022 жылдың басында Ресей мен Украина арасындағы шиеленістің өрбуіне байланысты, антиресейлік санкциялардың күшеюі ЕАДБ-нің мүше мемлекеттер аумағында, соның ішінде Қазақстанда стратегиялық маңызға ие инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндігін шектеуде. Сонымен бірге, ЕАДБ-нің төленген жарғылық капиталының аздығына байланысты (1,5 млрд. АҚШ долл.) ЕАДБ мүше мемлекеттер аумағында инвестициялық қызметін іске асыру үшін ішкі және халықаралық нарықтардан капитал тартады. Бірақ геосаяси жағдайдың күрделеніне байланысты ЕАДБ-нің халықаралық рейтингтерінің төмендеуі оның ұлттық және халықаралық қаржы нарықтарында қорландырылу мүмкіндігін азайтты. Сондай-ақ, Банктің санкция жағдайында емес акционер елдері (Қазақстан, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан) тарапынан Банктің жарғылық капиталын қосымша капиталдандыру мүмкіндігінің төмендігін атап өту қажет.<br>Орын алған жағдайда ЕАДБ қызметінің әлемдік қауымдастық елдері тарапынан санкциялық шараларға тап болмауын қамтамасыз ету қажет. Себебі, Банк қызметіне қарсы санкциялар қабылданар болса, де-факто ЕАДБ дефолттық |

| | |
|---|---|
| | жағдайға ұшырайды. Бұл оның акционерлері үшін үлкен тәуекелдер мен қауіп-қатерлер тудырады. |
| **Аталмыш проблеманың қазірде бар шешімдері** | ЕАДБ Жарғысына сүйенсек, жылына кем дегенде бір рет Банктің жоғары басқару органы ЕАДБ Кеңесінің отырысы өткізіледі. Осы іс-шара барысында Банктің инвестициялық қызметтерінің бағыттары мен оның қызметіне төніп тұрған қауіп-қатерлер, проблемалы мәселелер талқыланып, нақты шешімдер қабылданады. 2022 жылдың ақпан айында Ресей мен Украина арасындағы шиеленістің күрделенуі нәтижесінде антиресейлік санциялардың күшеюімен байланысты ЕАДБ қызметіне әсер етуі ықтимал қауіп-қатерлер бойынша Банк пен акционер елдер тарапынан қабылдануы тиіс шешімдер ағымдағы жылы өтетін ЕАДБ Кеңесінің кезекті отырысында қарастырылады деп күтілуде. Осыған орай, осы магистрлік жобада қарастырылған ұсынымдарды Қазақстан Республикасы атынан ұстанымды қалыптастыру барысында пайдалану ұсынылады. |
| **Аталмыш проблеманың ұсынылатын шешімі** | Антиресейлік санкциялардың Банк қызметіне әсерін төмендету мақсатында Банк үшін алдыңғы қатардағы міндеттер келесідей болуы қажет:<br>- санкциялық тәуекелдерді азайту;<br>- ЕАДБ кредиттік рейтингтерін көтеру;<br>- ЕАДБ-ның тұрақты жобалық қызметін қайта жаңарту.<br>Бұған қол жеткізу үшін Банкке Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасындағы жобаларды қаржыландыруға берілген кредиттерді қайта құрылымдау, іске асырылып жатқан жобалар бойынша тәуекелді бағалау бойынша және банк провизияларын есептеу бөлігінде жұмыстар жүргізу қажет.<br>Сондай-ақ, Банктің инвестициялық қызметін қолдау, санкциялық тәуекелдерді болдырмау және Банкті дефолт жағдайына жеткізбеу үшін келесідей ұсынымдар ұсынылады:<br>1) Саяси сипаттағы ұсынымдар.<br>Біріншіден, ЕАДБ Басқармасының төрағасы лауазымына Қазақстан Республикасының өкілін тағайындау.<br>Екіншіден, Ресей Федерациясы тарапынан өкілдерді ЕАДБ-нің 3 акционер елінің (Армения, Қырғызстан және Тәжікстан) өкілдерімен ауыстыру |

| | |
|---|---|
| | арқылы олардың санын азайту.<br>2) Экономикалық сипаттағы ұсынымдар.<br>Біріншіден, Банктің жарғылық капиталын қайта бөлу арқылы акционерлік капиталдағы Ресейдің үлесін 30%-ға дейін қысқарту.<br>Екіншіден, Банктің Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы аумағындағы жаңа инвестициялық жобаларды қаржыландыруға шектеу қою.<br>Үшіншіден, 2022-2026 жылға арналған Стратегияның мақсаттарының орындалмау қатерін ескере отырып, оны заманауи геосаяси ахуал тұрғысында жаңарту қажет. |
| **Күтілетін нәтиже** | Банктің халықаралық қаржы ұйымы ретінде инвестициялық қызметін іске асыруына әлемдік қауымдастық елдері тарапынан қабылдануы ықтимал санкциялар үлкен қатер төндіреді.<br>Осы магистрлік жобамен ұсынылып отырған ұсынымдар ЕАДБ-не мүше мемлекеттер мен Банк Басқармасы тарапынан мақұлданар болса, қалыптасқан жаңа гесояси жағдайда Банк қызметіне қарсы санкциялардың қабылдануының алдын алуы мүмкін. |
| **Әдебиет** | 1 «Еуразия даму банкін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 12 сәуірдегі № 137 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000137_. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.<br>2 Тюлебеков Т.Б. Евразийский банк развития (ЕАБР) как один из инструментов региональной интеграции на постсоветском пространстве // «Актуальные научные исследования в современном мире». ISCIENCE.IN.UA. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44846233. Жүгінген күні: 10.03.2022 ж.<br>3 Евразийский банк развития // InvestProfit Прозрачное инвестирование. Финансовый блог. – URL: https://investprofit.info/eadb/. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.<br>4 Мелкумян К.С. Эффективность Региональных групп, созданных по типу ФАТФ (РГТФ), на примере Евразийской группы |

противодействия легализации преступных доходов и финансированию терроризма (ЕАГ) // АНИ: экономика и управление. 2017. Т. 6. № 2(19). – URL: file:///C:/Users/admin/Downloads/effektivnost-regionalnyh-grupp-sozdannyh-po-tipu-fatf-rgtf-na-primere-evraziyskoy-gruppy-protivodeystviya-legalizatsii-prestupnyh-dohodov-i-finansirovaniyu-terrorizma-eag.pdf. Жүгінген күні: 10.03.2022ж.

5 Годовой отчёт 2020 // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/ee1/EDB_AR_2021_RU_web.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022ж.

6 Положение об инвестиционной деятельности Евразийского банка развития // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/300/polozhenie-ob-id.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022ж.

7 Стратегия Евразийского банка развития на период 2013–2017 годов (уточненная редакция) // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/strategy_new.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

8 Мордвинова А.Э. Роль Евразийского банка развития в углублении интеграции стран – участниц Евразийского экономического союза // Проблемы национальной стратегии. 2020. № 6 (63). – URL: 1434f95e9bc2ec8e3b3796564f5a8132.pdf (e-cis.info). Жүгінген күні: 05.03.2022 ж.

9 Стратегия Евразийского банка развития на период с 2018 по 2022 год // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/data/strategy_2018_2022.PDF. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.

10 «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорының қаражатын басқару туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 232-IV Заңы. // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000231_. Жүгінген күні: 24.01.2022ж.

11 Стратегия Евразийского банка развития 2022-2026 // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: strategy_2021_final.pdf (eabr.org).

| | |
|---|---|
| | Жүгінген күні: 20.02.2022ж.<br>12 Отчет об основных результатах деятельности Евразийского банка развития за 4 квартал 2021 года // Сайт внутренних нормативных документов Евразийского банка развития (ограниченный доступ). – URL: https://cloud2.eabr.org. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.<br>13 Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 г. // Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН № 70/1 от 25 сентября 2015 г. – URL: http://www.un.org/ru/documents/ods.asp?m=A/RES/70/1. Жүгінген күні: 18.03.2022 ж.<br>14 Политика экологической и социальной ответственности Евразийского банка развития // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/13a/eco-and-social-policy-of-eabr.pdf. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.<br>15 Евразийский банк развития приступил к формированию Концепции Евразийской товаропроводящей системы // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/press/releases/evraziyskiy-bank-razvitiya-pristupil-k-formirovaniyu-kontseptsii-evraziyskoy-tovaroprovodyashchey-si/. Жүгінген күні: 19.04.2022 ж.<br>16 Евразийский банк развития: Аналитика // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/analytics/. Жүгінген күні: 20.02.2022 ж.<br>17 Обзор инвестиционной деятельности международных банков развития за IV квартал 2020 года // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/upload/iblock/dc1/Obzor-MBR-4-kvartal-2020.pdf. Жүгінген күні: 19.02.2022ж.<br>18 Последствия пандемии для развития стран ЕАЭС: опыт антикризисных мер, уроки для перспектив интеграции. Доклад ИРИП ВАВТ, с участием Института исследований и экспертизы ВЭБ.РФ // Институт исследований и экспертизы ВЭБ.РФ. – URL: http://www.inveb.ru/attachments/article/452/%20%D0%BF%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D0%B8%20%D0%B4%D0%BB%D1%8F%2 |

| | |
|---|---|
| | 0%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82~.pdf. Жүгінген күні: 24.03.2022 ж.<br>19 Программа Евразийского банка развития по оказанию контрциклической поддержки экономикам государств-участников в условиях негативного влияния внешних и внутренних шоков (Программа контрциклической поддержки ЕАБР) // Сайт внутренних нормативных документов Евразийского банка развития (ограниченный доступ). – URL: https://cloud2.eabr.org. Жүгінген күні: 19.04.2022ж<br>20 Евразийский банк развития нарастит текущий инвестпортфель по итогам 2020 года // Портал Trend news agency. – URL: https://www.trend.az/business/economy/3367680.html. Жүгінген күні: 19.04.2022ж.<br>21 Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» саммитінде қандай мәлімдемелер жасады? // TENGRINEWS порталы. – URL: https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-ortalyik-aziya-kyitay-sammitnde-kanday-malmdemeler-332929/? Жүгінген күні: 20.03.2022ж.<br>22 Кузнецов А.В. Региональная роль Евразийского банка развития в посткоронавирусном мире // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка». – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/regionalnaya-rol-evraziyskogo-banka-razvitiya-v-postkoronavirusnom-mire. Жүгінген күні: 25.01.2022ж.<br>23 Arvis, J-F., Raballand, G., Marteau, J-F. The Cost of Being Landlocked: Logistics Costs and Supply Chain Reliability. // World Bank Group. Open knowledge Repository. 2010. – URL: https://openknowledge.worldbank.org/bitstream/handle/10986/2489/558370PUB0cost1C0disclosed071221101.pdf?sequence=1&isAllowed=y. Жүгінген күні: 17.03.2022ж.<br>24 Винокуров Е.Ю., Лобырев В.Г., Тихомиров А.А., Цукарев Т.В.. Транспортные коридоры Шелкового пути: потенциал роста грузопотоков через ЕАЭС. — СПб.: Центр интеграционных исследований Евразийского банка развития, 2018. – 74 с.<br>25 Винокуров Е.Ю., Джадралиев М.А., Щербанин Ю.А. Международные транспортные коридоры ЕврАзЭС: быстрее, дешевле, больше. / |

| | |
|---|---|
| | Отраслевой обзор. Евразийский банк развития. – Алматы, 2009. – 58с.<br>26 Андронова И.В., Шелепов А.В.. Возможности усиления влияния НБР и АБИИ в глобальной финансовой системе / Вестник международных организаций. 2019, №1 – С. 39-54.<br>27 Тайбекулы А. Казахстан и евразийская интеграция: ожидания и реальность/ Доклад. Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации. – Астана – Алматы, 2016. – 68с.<br>28 «Инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 Қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P090001293_. Жүгінген күні: 10.02.2022 ж.<br>29 «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001055. Жүгінген күні: 24.01.2022 ж.<br>30 Moody's и S&P понизили рейтинги Евразийского банка развития // Портал Kapital.kz. – URL: https://www.banki.ru/news/lenta/?id=10962715&. Жүгінген күні: 30.03.2022ж.<br>31 АО «НК «Актауский морской торговый порт»: О порте. – URL: https://www.portaktau.kz/ru/. Жүгінген күні: 25.01.2022ж.<br>32 Евразийский банк развития: О банке // Официальный сайт Евразийского банка развития. – URL: https://eabr.org/about/bank-management/. Жүгінген күні: 05.04.2022 ж. |